

## **АКЦИЯЛАР ШЫҒАРУ АНЫҚТАМАЛЫҒЫ**

**“ҚазТрансОйл” акционерлік қоғамы  
 (“ҚазТрансОйл” АҚ)**

Жарияланған акциялар шығарылуын уәкілетті органның мемлекеттік тіркеуі анықтамалықта сипатталған акциялар сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да бір ұсыныстар беруді білдірмейді. Жарияланған акциялар шығарылуын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың анықтығы үшін жауап бермейді. Акциялар шығару анықтамалығы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігіне ғана қаралды. Акционерлік қоғамның лауазымды адамдары осы анықтамалықтағы ақпараттың анықтығы үшін жауап береді және онда жазылған барлық ақпарат дұрыс әрі инвесторларды қоғамға және оның орналастырған акцияларына қатысты адасушылыққа әкелмейтінін қуаттайды.

## 1. Акционерлік қоғам туралы жалпы мәліметтер

1. “ҚазТрансОйл” акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Қоғам) Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша заңды тұлға болып табылады әрі өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, “Акционерлік қоғамдар туралы” және “Табиғи монополиялар туралы” Қазақстан Республикасының Заңдарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік-құқықтық кесімдеріне сәйкес жүзеге асырады.

Қоғам магистральды құбырлар бойынша мұнай тасымалдау саласында табиғи монополия субъектісі болып табылады.

Қоғам қаржылық және өндірістік қызметін шаруашылық дербестік негізінде жүзеге асырады.

Қоғамның дербес теңгерімі, банк шоттары, толық фирмалық атауы мемлекеттік тілде және орыс тілінде көрсетілген мөрі бар.

Қоғамның өз тауар белгісі және нышаны бола алады, олардың үлгілерін Қоғам Басқармасы бекітеді және белгіленген тәртіпте тіркеледі, сондай-ақ мемлекеттік тілде және орыс тілінде көрсетілген мөртабандары, фирмалық бланкілері және өзге де деректемелері бар.

### 2. Қоғамның атауы:

мемлекеттік тілдегі толық атауы – “ҚазТрансОйл” акционерлік қоғамы, қысқаша – “ҚазТрансОйл” АҚ;

орыс тіліндегі толық атауы – акционерное общество “КазТрансОйл”, қысқаша – АО “КазТрансОйл”;

ағылшын тіліндегі толық атауы – “KazTransOil” Joint Stock Company, қысқаша – “KazTransOil” JSC.

Қоғамның осының алдындағы толық және қысқаша атаулары:

мемлекеттік тілдегі толық атауы – “ҚазТрансОйл” жабық акционерлік қоғамы, қысқаша – “ҚазТрансОйл” ЖАҚ;

орыс тіліндегі толық атауы – Закрытое акционерное общество “КазТрансОйл”, қысқаша – ЗАО “КазТрансОйл”;

ағылшын тіліндегі толық атауы – Closed joint stock company “KazTransOil”, қысқаша – CJSC “KazTransOil”.

Атауының өзгерген күні – 2004 жылғы 31 мамыр.

мемлекеттік тілдегі толық атауы – “ҚазТрансОйл” Ұлттық мұнай тасымалдау компаниясы” жабық акционерлік қоғамы, қысқаша – “ҚазТрансОйл” ҰМТК” ЖАҚ;

орыс тіліндегі толық атауы – Закрытое акционерное общество “Национальная компания по транспортировке нефти “КазТрансОйл”, қысқаша – ЗАО “НКТН “КазТрансОйл”;

ағылшын тіліндегі толық атауы – “KazTransOil” National Oil Transportation company, қысқаша – KazTransOil NOTC.

Атауының өзгерген күні – 2001 жылғы 04 шілде.

### 3. Қоғамды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер

2004 жылғы 31 мамырдағы заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №6636-1901-АО. Мемлекеттік қайта тіркеуді Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Астана қаласының Әділет департаменті жүргізді.

### 4. Салық төлеушінің тіркеу нөмірі – 600700151343.

5. Қоғамның орналасқан жері жөнінде ақпарат, байланыс телефондарының және факстың нөмірлері, электронды поchtаның мекен-жайы.

Заңды мекен-жайы: 473000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 20-үй.

Нақты мекен-жайы: 473000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 20-үй.

Байланыс телефондары: 8 (3172) 555-145, 555-144; факс: 8 (3172) 216-767.

Электронды поchtаның мекен-жайы: [office@kaztransoil.kz](mailto:office@kaztransoil.kz)

6. Қоғамның банк деректемелері:

АҚШ долларымен:

Beneficiary's Bank: Halyk Bank of Kazakstan, Astana Regional branch

SWIFT BIC: HSBKKZKX CHIPS UID: 350811

BIC 195 301 603 Account. # 300070548

Beneficiary's Bank: Halyk Bank of Kazakstan, Almaty

SWIFT BIC: HSBKKZKX CHIPS UID: 350811

BIC 190 501 601 Account. # 615 070 006

Correspondent Bank: Deutsche Bank Trust Company Americas, New York

CHIPS ABA: 0103 SWIFT BIC: BKTRUS 33

Corr. account: 04400300

Beneficiary's Bank Almaty Merchant Bank, Astana Branch

SWIFT: ALMN KZ KA. Almaty, Kazakstan

BIC 195 301 730 Account # 000070627

Beneficiary's Bank Almaty Merchant Bank Almaty

SWIFT: ALMN KZ KA. Almaty, Kazakstan

BIC 190 501 956 Account # 014 070 567

Correspondent Bank: American Express Bank, New York USA

SWIFT: AEIBUS33

Corr. account: 736405

Beneficiary's Bank Kazkommerts bank, Almaty, Kazakstan

Account 31070255 BIC 190 501 724 SWIFT: KZKOKZKX

Correspondent Bank: Bank of New York, NY, USA

SWIFT: IRTY US 3N CHIPS: 0001

Corr. account: 890-0223-057

Beneficiary's Bank CJSC Citibank Kazakhstan

Account 250015701 BIC 190 501 832 SWIFT: CITIKZKA

Correspondent Bank: CITIBANK New York

SWIFT: CITIUS33

Corr. acc.: 36025525

Beneficiary's Bank ABN AMRO Bank Kazakhstan

Account 016070557 BIC 190 501 832 SWIFT: ABNAKZKX

Correspondent Bank: ABN AMRO Bank New York

SWIFT: ABNAUS33

Corr. acc.: 661001113441

рубльмен:

Алушының банкі:

«Алматы сауда-қаржы банкі» АҚ, Астана қ. филиалы  
ИИК 058160848 БИК 195 301 730

«Алматы сауда-қаржы банкі» АҚ, Алматы қ.  
ИИК 158 160 579 БИК 190 501 956

Корреспондент банк

корр.шот (К) 30 122 810 700 000 000 214

корр.шот (Н) 30 123 810 000 000 000 214

Ресей Федерациясының жинақ банкі, Мәскеу қ., Ресей

БИК 044 525 225 к/с 30 101 810 400 000 000 225

ИНН 7707083893

SWIFT: SABR RU MM 012

«Қазақстан Халық банкі» АҚ Астана өңірлік филиалы, Астана қ.

БИК 195301603 ИИК 400160905

«Қазақстан Халық банкі» АҚ, Алматы қ.

БИК 190 501 601 ИИК 614 160 768

Корреспондент банк

корр.шот (К) 30 122 810 300 000 000 067

корр.шот (Н) 30 123 810 600 000 000 067

Ресей Федерациясының жинақ банкі, Мәскеу қ., Ресей

БИК 044 525 225 к/с 30 101 810 400 000 000 225

ИНН 7707083893

SWIFT: SABR RU MM 012

теңгемен:

БАНК	ИИК	БИК
«Қазкоммерцбанк» АҚ, Алматы қ.	050467292	190501724
«Қазақстан Халық банкі» АҚ, Алматы қ.	016467917	190501601
«Алматы сауда-қаржы банкі» АҚ, Алматы қ.	007467925	190501956
«Сити банк Қазақстан» ЖАҚ Алматы қ.	250015400	190501832
«АБН АМРО Банк Қазақстан» ЖАҚ Алматы қ.	009467203	190501922
«Қазақстан Халық банкі» АҚ Астана өңірлік филиалы, Астана қ.	022467316	195301603
«Алматы сауда-қаржы банкі» филиалы Астана қ.	002467924	195301730

7. Қоғам қызметінің түрлері:

1) мұнайды әрі мұнай өнімдерін магистральды құбырлармен тасымалдау, сақтау, қотару және құю, көліктің басқа түріне ауыстырып құю немесе басқа аралас құбыр жүйелеріне беру жөніндегі қызметтер, сондай-ақ су жеткізу жөніндегі қызметтер;

2) заңды және жеке тұлғалардың Қоғамның құбырлар жүйесіне қол жеткізуі тәртібін айқындау;

3) жаңа технологияларды әзірлеу мен енгізу;

4) көмірсутегі шикізатын және оны қайта өңдеу өнімдерін өткізу рыноктарын маркетингтік зерделеу жүргізу;

5) мұнай-газ секторын дамытудың мемлекеттік және ұлттық бағдарламаларын әзірлеуге әрі орындауға қатысу;

6) отандық кадрларды оқытуға, қайта даярлауға және олардың біліктілігін арттыруға бағытталған бағдарламаларды қолдау әрі оларға қатысу;

7) мұнай және басқа да операциялар бойынша келіссөздер жүргізу әрі шарттар жасасу;

8) сыртқы және ішкі рыноктарда мұнай сату;

9) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде сұйық көмірсутегі шикізатын сақтау, оны тасымалдау жүзеге асырылатын көліктің басқа түрлеріне тиеу және ауыстырып құю жөніндегі объектілерді қоса алғанда, құбыр жүйесін жобалауды, қаржыландыруды, салуды, иеленуді және пайдалануды жүзеге асыру;

10) өзге заңды тұлғаларға тиесілі магистральды құбырларды пайдалану, оларға техникалық қызмет көрстеу және ағымдағы жөндеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

11) көлік экспедициясы қызметтерін қоса алғанда, басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері бойынша қазақстандық мұнайды тасымалдауды және оның транзитін ұйымдастыру;

12) ғылыми-техникалық, өндірістік-шаруашылық және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;

13) мұнай көлігі инфрақұрылымы жобаларын дайындау мен әзірлеу жөніндегі консалтингтік және техникалық қызметтерді жүзеге асыру;

14) Заңнамамен тыйым салынбаған өзге де қызмет.

8. Қоғамға немесе ол шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктерінің және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктерінің берген бар рейтингілері туралы мәліметтер:

Қоғамның үш халықаралық рейтинг агенттіктерінен – Moody's, Standard and Poor's, FitchRatings рейтингтері бар. Қоғамның бұдан басқа Қазкоммерц Секьюритиз және Интерфакс Қазақстан бірлескен рейтинг жобаларынан қазақстандық рейтингі бар.

Қоғамның ұзақ мерзімді кредит рейтингінің (шетел валютасында) тарихы бүгінгі күнге мынадай түрде көрініс береді:

Берілген жылы	Standard & Poor's		FitchRatings		Moody's		Казкоммерц Секьюритиз	
	Рей-ТИНГ	Бол-жам	Рей-ТИНГ	Бол-жам	Рей-ТИНГ	Бол-жам	Рей-ТИНГ	Бол-жам
2001	BB	Stable	BB -	Stable	Ba2	Stable	-	-
2002	BB	Stable	BB	Stable	Ba2	Stable	-	-
2003	BB	Positive	BB	Positive	Ba1	Stable	A	Stable

9. Қоғамның барлық филиалының және өкілдіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және почталық мекен-жайы.

1) "ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының Батыс филиалы:

тіркелген күні – 1997 жыл 12 маусым;

орналасқан жері және почталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 465027, Атырау қаласы, Гословская көшесі, 94.

2) "ҚазТрансОйл" акционерлік қоғамының Шығыс филиалы:

тіркелген күні – 1997 жыл 21 шілде;

орналасқан жері және почталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 637002, Павлодар қаласы, Кеңестер көшесі, 2.

3) “ҚазТрансОйл” жабық акционерлік қоғамы Ұжымдық пайдалану есептеу орталығы” филиалы:

тіркелген күні – 2002 жыл 25 желтоқсан;

орналасқан жері және почталық мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, 473000, Астана қаласы, Фабуллин көшесі, 010.

4) “ҚазТрансОйл” жабық акционерлік қоғамының Мәскеу қаласындағы өкілдігі:

тіркелген күні – 1999 жыл 30 тамыз;

орналасқан жері және почталық мекен-жайы: Ресей Федерациясы, 123001, Мәскеу қаласы, Вспольный бұрылысы, 5-үй, 2-құрылыс.

5) “ҚазТрансОйл” жабық акционерлік қоғамының Киев қаласындағы өкілдігі:

тіркелген күні – 2003 жыл 16 желтоқсан;

орналасқан жері және почталық мекен-жайы: Украина, 04050, Киев қаласы, Артем көшесі, 60.

6) “ҚазТрансОйл” жабық акционерлік қоғамының Ор қаласындағы өкілдігі:

тіркелген күні – 2001 жыл 11 сәуір;

орналасқан жері және почталық мекен-жайы: Ресей Федерациясы, Оренбург облысы, Ор қаласы, Печерский көшесі, 20.

7) “ҚазТрансОйл” жабық акционерлік қоғамының Самара қаласындағы өкілдігі:

тіркелген күні – 2004 жыл 11 маусым;

орналасқан жері және почталық мекен-жайы: Ресей Федерациясы, Самара облысы, Самара қаласы, Молодогвардейский көшесі, 33, Е-литері, 37-бөлме.

10. Қоғам қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асыратын (жүзеге асырған) аудиторлық ұйымның толық ресим атауы (аудитордың тегі, аты, болған ретте - әкесінің аты).

Қоғам қаржы есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым басқарушы серіктесі Дэвид Уилкстің атынан “Эрнст энд Янг Қазақстан” ЖШС болып табылады.

## 2. Қоғам органдары және құрылтайшылары (акционерлері)

11. Қоғамның директорлар кеңесі:

1) Қоғамның директорлар кеңесі төрағасының және оның мүшелерінің тегі, аты, болған ретте - әкесінің аты, туған жылы;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында аталған адамдардың соңғы үш жылда және осы уақытта атқаратын, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, хронологиялық тәртіпте;

(осы тармақтың 1) және 2) Тармақшалары бойынша мәліметтер мына кестеде келтірілген)

Т.А.Ә.	Туған жылы	Соңғы үш жылда және осы уақытта атқаратын, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, хронологиялық тәртіпте
Директорлар кеңесінің төрағасы Тимур Асқарұлы Құлыбаев	10.09.66 ж.	2001 – 2002 ж.ж. – “Мұнай және Газ тасымалы” ҰК” ЖАҚ Бас директоры (басқарма төрағасы), оның ішінде 2002 жылға дейін “ҚазТрансОйл” ЖАҚ Бас директоры (басқарма төрағасы) қызметін қоса атқарған;

		2002 ж. – осы уақытқа дейін “ҚазМұнайГаз” ҰК АҚ-тың бірінші вице-президенті.
Директорлар кеңесінің мүшелері: Қайыргелді Мақсұтұлы Қабылдин	01.01.1953 ж.	2001 – 2002 ж.ж. - “Мұнай және Газ тасымалы” ҰК” ЖАҚ Бас директорының бірінші орынбасары; 2002 ж. – осы уақытқа дейін “ҚазМұнайГаз” ҰК АҚ-тың басқарушы директоры.
Қанатбек Бейсенбекұлы Сафинов	24.03.1962 ж.	2000 – 2002 ж.ж. – Қазақстан Республикасы Премьер-министрі кеңсесінің заң бөлімінің меңгерушісі; 2002 ж. – осы уақытқа дейін “ҚазМұнайГаз” ҰК АҚ-тың басқарушы директоры.
Айдын Табониязұлы Кәрібжанов	10.10.1971 ж.	2001 – 2004 ж.ж. – Visor Investment Solutions басқарушы директоры; 2004 ж. – осы уақытқа дейін “ҚазМұнайГаз” ҰК АҚ-тың басқарушы директоры.
Қайрат Серікұлы Крымов	23.03.1969 ж.	1999 – 2001 ж.ж. – “ҚазТрансОйл” ҰМТК” ЖАҚ және “ҚазТрансОйл” ЖАҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті; 2001 – 2004 ж.ж. – “Қазтеңізкөлікфлоты” ҰТКК” ЖАҚ Бас директоры (басқарма төрағасы); 06.01.2004жылдан бастап осы уақытқа дейін “ҚазТрансОйл” АҚ Бас директоры (басқарма төрағасы).

3) Директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі акциялардың Қоғам орналастырған акциялардың жалпы санына пайыздық қатынасы:

Директорлар кеңесі мүшелерінде Қоғамның акциялары жоқ. Пайыздық қатынасы - 0%;

4) еншілес және тәуелді ұйымдардағы директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталындағы үлестің) осы ұйымдар орналастырған акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестің) жалпы санына пайыздық қатынасы:

Қоғам директорлар кеңесі мүшелерінің еншілес және тәуелді ұйымдарда акциялары (жарғылық капиталдағы үлесі) жоқ. Пайыздық қатынасы - 0%;

5) Өткен екі жыл ішіндегі Қоғам Директорлар кеңесі құрамындағы өзгерістер:  
Қоғам Жалғыз акционерінің шешімі болып табылатын “ҚазМұнайГаз” ҰК” ЖАҚ-тың 2004 жылғы 28 қаңтардағы №43 бұйрығына сәйкес Қоғам директорлар кеңесінің мына мүшелерінің өкілеттігі тоқтатылды: Асқар Сұлтанұлы Сманқұловтың, Жанболат Жақыұлы Сәрсеновтың, Ақылбай Есболұлы Сапаровтың. Мыналар Қоғам директорлар кеңесінің мүшелері болып сайланды: Айдын Табониязұлы Кәрібжанов, Қайрат Серікұлы Крымов.

2004 жылғы 31 мамырдағы жағдай бойынша “ҚазТрансОйл” АҚ Директорлар кеңесі:

Директорлар кеңесінің төрағасы – Тимур Асқарұлы Құлыбаев;  
Директорлар кеңесінің мүшелері:

Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлы;  
Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы;  
Кәрібжанов Айдын Табониязұлы;  
Крымов Қайрат Серікұлы.

Қоғам Жалғыз акционерінің шешімі болып табылатын “ҚазМұнайГаз” ҰК” ЖАҚ-тың 2002 жылғы 03 қыркүйектегі №179 бұйрығына сәйкес Қоғам директорлар кеңесінің бұрын сайланған мүшелерінің өкілеттігі тоқтатылды және директорлар кеңесі мына құрамда сайланды:

Директорлар кеңесінің төрағасы – Тимур Асқарұлы Құлыбаев;

Директорлар кеңесінің мүшелері:

Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлы;  
Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы;  
Сәрсенов Жанболат Жақыұлы;  
Сапаров Ақылбай Есболұлы;  
Сманқұлов Асқар Сұлтанұлы.

Қоғам Жалғыз акционерінің шешімі болып табылатын “Мұнай және Газ тасымалы” ҰК” ЖАҚ-тың 2002 жылғы 11 ақпандағы №25 бұйрығына сәйкес Қоғам директорлар кеңесінің мүшесі Дәнияр Әмірбайұлы Берлібаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Абай Маслахатұлы Садықов директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қоғам Жалғыз акционерінің шешімі болып табылатын “Мұнай және Газ тасымалы” ҰК” ЖАҚ-тың 2001 жылғы 5 қыркүйектегі №17 бұйрығына сәйкес Қоғам директорлар кеңесінің мына мүшелерінің Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалиннің, Қанатбек Бейсенбекұлы Сафиновтың, Александр Иванович Андрющенконың, Мақсұтбек Смағұлұлы Рахановтың, Тимур Асқарұлы Құлыбаевтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Қоғам директорлар кеңесі мына құрамда сайланды:

Директорлар кеңесінің төрағасы – Тимур Асқарұлы Құлыбаев;

Директорлар кеңесінің мүшелері:

Берлібаев Дәнияр Әмірбайұлы;  
Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы;  
Марабаев Жақып Нәсіпқалиұлы;  
Палымбетов Болат Әбілқасымұлы.

12. Қоғамда алқалық атқарушы орган – басқарма.

1) басқарма мүшелерінің әрқайсысының, оның ішінде басқарма төрағасының тегі, аты, болған ретте - әкесінің аты, туған жылы;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың соңғы үш жылда және осы уақытта атқаратын, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, хронологиялық тәртіпте;

(осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша мәліметтер мына кестеде келтірілген)

Т.А.Ә.	Туған жылы	Соңғы үш жылда және осы кезде атқарған, оның ішінде – қоса атқарған қызметі, хронологиялық тәртіпте
Басқарма төрағасы Крымов Қайрат Серікұлы.	23.03.1969 ж.	1999 – 2001 ж.ж. – “ҚазТрансОйл” ҰМТК” ЖАҚ және “ҚазТрансОйл” ЖАҚ экономика және қаржы жөніндегі вице-президенті; 2001 – 2004 ж.ж. – “Қазтеңізкөлікфлоты” ҰТКК” ЖАҚ Бас директоры (басқарма



		төрағасы); 06.01.2004 жылдан бастап осы уақытқа дейін “ҚазТрансОйл” АҚ Бас директоры (басқарма төрағасы).
Басқарма мүшелері: Таубалдиев Талғат Сатыбайұлы	20.12.1962 ж.	11.1999-07.2002 ж.ж. “ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалының бас инженері – директорының бірінші орынбасары; 07.2002ж.–01.06.2004ж. “ҚазТрансОйл” ЖАҚ Маңғыстау мұнай құбыры басқармасының бастығы; 01.06.2004ж. осы уақытқа дейін – “ҚазТрансОйл” АҚ Бас директорының бірінші орынбасары.
Толымбаев Берік Зиябекұлы	08.08.1962 ж.	20.09.1999ж. – 25.04.2001ж. – “ҚазТрансОйл” ҰМТК” ЖАҚ Президентінің көмекшісі; 25.04.2001ж. – 05.09.2001ж. – «ҚазТрансОйл» ЖАҚ тауар-көлік операциялары жөніндегі атқарушы директор; 05.09.2001ж. – 08.08.2003ж. – «ҚазТрансОйл» ЖАҚ Бас директорының тауар-көлік операциялары жөніндегі орынбасары; 08.08.2003 ж. – осы уақытқа дейін «ҚазТрансОйл» ЖАҚ Мәскеу қаласындағы өкілдігінің басшысы - Бас директордың тауар-көлік операциялары жөніндегі орынбасары.
Елшібеков Серікбек Кеңесбекұлы	12.09.1960 ж.	1999 ж. – 09.2002 ж. – Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің қызметшілермен жұмыс жөніндегі департаментінің директоры; 09.2002ж. – 19.01.2004ж. – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі салық комитеті төрағасының орынбасары; 19.01.2004ж. – осы уақытқа дейін «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.

Саяхов Берік Қартаңбайұлы	24.12.1959 ж.	06.10.1997 ж. – 09.09.2002 ж. – «ҚазТрансОйл» ЖАҚ Пайдалану департаментінің директоры; 09.09.2002 ж. – 01.07.2003 ж. – «ҚазТрансОйл» ЖАҚ Техникалық директоры; 01.07.2003 ж. – 23.09.2003 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК» ЖАҚ атқарушы директоры; 23.09.2003 ж. - осы уақытқа дейін «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары.
Сұлтан Нұрбол Сарыбайұлы	30.04.1976 ж.	09.1997ж. – 06.2001 ж. – “ҚазТрансОйл” ҰМТК” ЖАҚ активтерді басқару департаментінің бастығы; 06.2001ж. – 12.03.2002 ж. – “Мұнай және Газ тасымалы” ҰК” ЖАҚ корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры; 12.03.2002ж. – 23.09.2003 ж. – «ҚазМунайГаз» ҰК» ЖАҚ корпоративтік қаржыландыру департаментінің директоры; 23.09.2003ж. - осы уақытқа дейін «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының даму жөніндегі орынбасары.
Сейілхан Дәрия Жылқыбақызы	16.12.1956 ж.	15.12.1999 ж. – 31.07.2001 ж. – Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі экономикалық саясат департаменті директорының орынбасары; 01.08.2001 ж. – 04.02.2004 ж. – “Қазтеңізкөлікфлоты” ҰТКК” ЖАҚ Экономикалық талдау департаментінің директоры; 04.02.2004 ж. - осы уақытқа дейін «ҚазТрансОйл» АҚ Бас директорының экономика жөніндегі кеңесшісі.
Сұлтанғалиева Жанна Орынбасарқызы	08.02.1959 ж.	24.08.1998 г. - осы уақытқа дейін «ҚазТрансОйл» АҚ Орталық бухгалтериясының Бас бухгалтері.

Исақов Жайдарман Әзімханұлы	25.10.1965 ж.	12.2000 ж. – 07.2001 ж. – «ҚазТрансГаз» ЖАҚ Заң департаменті директорының орынбасары; 18.06.2001ж. – 18.03.2002ж. – “Мұнай және Газ тасымалы” ҰК” ЖАҚ Заң департаментінің бас заң кеңесшісі; 18.03.2002 ж. – 01.10.2002 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК ЖАҚ Құқықтық қамтамасыз ету департаментінің бас заңгері; 01.10.2002 ж. - осы уақытқа дейін «ҚазТрансОйл» АҚ Заң департаментінің директоры.
--------------------------------	---------------	---

3) Қоғам Басқармасы мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестердің) Қоғам орналастырған акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестердің) жалпы санына пайыздық қатынасы:

Басқарма мүшелерінде Қоғамның акциялары жоқ. Пайыздық қатынасы - 0%;

13. Қоғамның лауазымды тұлғаларына соңғы қаржы жылында төленген сыйақылардың және жалақының жалпы сомасы.

Директорлар кеңесінің мүшесі – Қоғамның Бас директоры сыйақыны және жалақыны Бас директор ретінде Қоғамның штат кестесіне сай алады. Директорлар кеңесінің басқа мүшелеріне, олар Қоғамның қызметкерлері болмағандықтан сыйақы және жалақы төленбейді.

Қоғамның атқарушы органы (Басқарма) мүшелеріне және өзге де басшы қызметкерлерге сыйақы және жалақы Қоғам қызметкерлеріне сияқты штат кестесіне сай төленеді.

Атқарушы орган (Басқарма) мүшелеріне Қоғам төлеген сыйақының және жалақының жалпы сомасы соңғы қаржы жылында 192 781 385 (жүз тоқсан екі миллион жеті жүз сексен бір мың үш жүз сексен бес ) теңге 31 тиынды құрады.

14. Қоғамның ұйымдық құрылымы.

1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері;

2) Қоғам қызметкерлерінің жалпы саны, оның ішінде Қоғам филиалдары мен өкілдіктерінің қызметкерлері – 6918 адам;

3) Қоғам акцияларын иеленген Қоғам қызметкерлерінің жалпы саны және олардың орналастырылған акциялардың жалпы санынан жиынтық үлесі, пайызбен:

Қоғам қызметкерлері Қоғам акцияларына иелік етпейді.

4) Қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер (тегі, аты, болған ретте - әкесінің аты, туған жылы);

5) филиалдар мен өкілдіктер басшылары туралы мәліметтер (тегі, аты, болған ретте - әкесінің аты, туған жылы).

(осы тармақтың 1), 4) және 5) тармақшалары бойынша мәліметтер мына кестеде келтірілген)

N р/с	Қоғам құрылымдық бөлімшелерінің, оның ішінде Қоғам филиалдары мен	Қоғам құрылымдық бөлімшелерінің, оның ішінде филиалдары мен өкілдіктері	Туған күні және жылы
----------	---	---	----------------------

	өкілдіктерінің атауы	басшыларының Т.А.Ә.	
1.	Қызметшілерді басқару қызметі	бос орын	
2.	Баспасөз қызметі	Самақова Раиса Байғазықызы	14.01.1955 ж.
3.	Кеңсе	Ақаева Шапағат Ақайқызы	16.10.1954 ж.
4.	Заң департаменті	Исақов Жайдарман Әзімханұлы	29.10.1965 ж.
5.	Тасымалдау департаменті	Есмұрзин Өтеу Базарғалиұлы	22.11.1965 ж.
6.	Ішкі бақылау және аудит қызметі	Жұманова Фазиза Тұрғанбекқызы	03.07.1965 ж.
7.	Пайдалану департаменті	Латифов Қадырбек Амангелдіұлы	30.08.1966 ж.
8.	Еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі департаменті	Малыгин Константин Михайлович	29.04.1962 ж.
9.	Күрделі құрылыс және күрделі жөндеу департаменті	Раев Серікқали Адайбайұлы	08.03.1955 ж.
10.	Телекоммуникация департаменті	Кайыпов Асқар Әбутәліпұлы	29.01.1963 ж.
11.	Технологиялық үдерістерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі және метрологиялық қамтамасыз ету	Хамзин Тимур Әбілкәрімұлы	08.01.1962 ж.
12.	Бас диспетчерлік басқарма	Көшербаев Кеңілімшат Еділұлы	10.05.1966 ж.
13.	Көлік логистикасы департаменті	Зәкіров Болат Қалауияұлы	16.07.1976 ж.
14.	Материалдық-техникалық жабдықтау департаменті	Сәлімов Нұртай Ысмайылұлы	25.04.1965 ж.
15.	Келісім-шарттар департаменті	Местоев Руслан Ахмедұлы	21.08.1973 ж.
16.	Қазынашылық	Қонысбаева Алтынай Айтбайқызы	22.06.1971 ж.
17.	Центральная бухгалтерия	Сұлтанғалиева Жанна Орынбасарқызы	08.02.1959 ж.
18.	Экономикалық талдау департаменті	Бос орын	
19.	Жобаларды басқару департаменті	Қияқбаев Зияш Қалдыбекұлы	14.03.1967 ж.
20.	Инжиниринг департаменті	Зәкірова Рәсима Салахқызы	05.07.1951 ж.
21.	Корпоративтік қаржыландыру департаменті	департамент директорының міндетін атқарушы Қосаев Абдол Ханымұлы	27.10.1974 ж.
22.	Әкімшілік департаменті	Тапалов Батырғали Қайырұлы	17.02.1958 ж.
23.	ISO стандарттарын енгізу қызметі	Бас менеджер – жетекші Есенғалиев Ерікжан Бахытжанұлы	25.10.1980 ж.
24.	Қоғам Шығыс филиалы	Жұмағалиев Байқадам Жұмағалиұлы	10.01.1941 ж.

25.	Қоғам Батыс филиалы	Мамонов Фердинант Әбдірахымұлы	09.11.1947 ж.
26.	«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы Ұжымдық есептеу орталығы» филиалы	Цай Владимир Александрович	26.08.1947 ж.
27.	Қоғамның Мәскеу қаласындағы өкілдігі	Толымбаев Берік Зиябекұлы	08.08.1962 ж.
28.	Қоғамның Ор қаласындағы өкілдігі	Әлпиев Шалқар Мәулетшәріпұлы	06.10.1973ж.
29.	Қоғамның Киев қаласындағы өкілдігі	Толымбаев Берік Зиябекұлы	08.08.1962 ж.

15. Қоғам құрылтайшылары (акционерлері).

Қоғамның 100% акция пакетіне иелік етуші оның жалғыз акционері «ҚазМунайГаз» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы. Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 473000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 22.

Қоғамның олар бойынша құқықтарды жүзеге асыру мерзімі жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттар берген күннен бастап 60 күннен артпайтын дауыс беретін акцияларын сатып алуға жасасылған опциондары жоқ.

16. Қоғам ірі акционері – ұйымның орналастырылған акцияларының (жарғылық капиталындағы үлесінің) он және одан жоғары пайызына иелік етуші (халықтық акционерлік қоғамда – бес және одан жоғары) болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.

Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаның орналасқан жері	Қоғамға тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестің) орналастырылған акциялардың жалпы санына пайыздық қатынасы	Заңды тұлға қызметінің түрі	Заңды тұлғаның бірінші басшысы туралы ақпарат
«Зерен» демалыс үйі» ААҚ	Ақмола облысы, Зеренді кенті	100%	Шипажай-курорт қызметтерін көрсету	Төлебаев Т.А.
«Комакинвест» ЖАҚ	Алматы қ., Бегенбай батыр к., 80	10%		Қараманов У.
«ҚазТрансОйл - Сервис» АҚ	Астана қ., Ғабдуллин к., 010	100%	Медициналық қызметтер, мектепке дейінгі тәрбие және оқыту саласында қызметтер көрсету	Кәрікболова А.М.

17. Қоғам қатынасатын өнеркәсіптік, банкілік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, ассоциациялар, консорциумдар туралы ақпарат.

Қоғам өнеркәсіптік, банкілік, қаржылық топтарға, холдингтерге, концерндерге, ассоциацияларға, консорциумдарға қатыспайды.

18. Қоғамның өзге де қосылма тұлғалары туралы мәліметтер (Қоғаммен бірге «ҚазМунайГаз» ҰК АҚ бақылауындағы заңды тұлғалар)

Заңды тұлғаның толық атауы	Заңды тұлғаның орналасқан жері	Қызмет түрі	Басшы
«Қазақ мұнай және газ институты» АҚ	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Иманов к., 20.	жобалау және іздестіру жұмыстары	Бүркітбаев С.М.
«Өңірлік газ көлігі жүйелері» ЖАҚ	480000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Төлеби к., 59	газ құбырларына қызмет көрсету және жөндеу, газ тарату.	Қасеев Е.З.
«Морская нефтяная компания «ҚазМұнайТеңіз» Теңіз мұнай компаниясы» ЖАҚ	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Космонавтар к., 62	Мұнай мен газды барлау және өндіру	Хасанов Б.К.
«ҚазСтройСервис» ЖАҚ	480000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Достық к., 248Б	құрылыс	Үпішев Е.Е.
«ҚазТрансГаз» ЖАҚ	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр к., 22	газ тасымалы	Садықов А.М.
«ҚазМунайГазКонсалтинг» АҚ	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Ауэзов к., 66	консалтингтік қызметтер	Байжанов У.С.
«ҚазМунайГаз Сауда үйі» ЖАҚ	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Шұбар шағ. ауд. Космонавтар к., 62	мұнайды және мұнай өнімдерін өткізу және маркетингі	Арғынғазин А.А.
«Евро-Азия Эйр» ААҚ	465000, Қазақстан Республикасы, Атырау қ., Смағұлов к., 12-үй, 3 қабат	авиатасымал	Бекмұхамбетов А.А.
«Атырау халықаралық аэропорты» ААҚ	465000, Қазақстан Республикасы, Атырау қ. Аэропорт	Атырау аэропортына қызмет көрсету және оны пайдалану	Бекмұхамбетов А.А.
«Жамбай» ЖШС	465000, Қазақстан Республикасы, Атырау қ. Азаттық	Жамбай кенішінде мұнай өзірлеу және өндіру	Таханов Б.С.

	даңғ.,48, 402 кеңсе		
«Қазақойл Петрол» ЖШС	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр к., 22	Мұнай өнімдерін бөлшектеп сату	Амантұрлин Г.Ж.
«Қазақойлқұрылыс» ЖШС	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр к., 22	құрылыс	Есімбеков С.И.
ТОО «Казахойл-Продактс»	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр к., 22	мұнайды және мұнай өнімдерін өткізу және маркетингі	Кешубаев Г.К.
ЗАО «Қазақстан-британ техникалық университеті»	480091, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Төле би к., 59	оқыту	Ахметов А.К.
«Munai-Imrex Holding GesMBH» КОО	Австрия, Вена, А-1190, Chimanistrabe, 30/22	мұнайды және мұнай өнімдерін өткізу және маркетингі	Цауфаль Ф.
КОО «Kazakhoil Finance B.V.»	Blaak 16., P.O. Box 548, 3000 AM Rotterdam, The Netherland	«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ үшін қаржы ресурстарын тарту	Әбілғазин Д.Р.
«Қазақстанкаспийш ельф» ААҚ	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Розы Люксембург к., 1 А	Каспий теңізі қайраңында мұнай және газ кеніштерін геофизикалық зерттеу	Қуанышев А.Ш.
ОАО «ҚазМұнайГазПром-геофизика»	466207, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау обл., Жаңаөзен қ., Өнеркәсіп аймағы	мұнай және газ кеніштерін геофизикалық зерттеу	Батырбаева Т.М.
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даң., 20	мұнай және газ әзірлеу әрі өндіру	Марабаев Ж.Н.
«Атырау мұнай өндеу зауыты» ААҚ	465000, Қазақстан Республикасы, Атырау қ., Говоров к., 1	мұнай өндеу	Шишлов С.С.
ОАО «Ақсайгазсервис»	418440, Қазақстан Республикасы, Батыс Қазақстан облысы Бұрлы ауданы, Ақсай қ., өнеркәсіп базасы	кәсіпшілік жабдықтарды жөндеу	Өтебалиев Ж.Ш.
ТОО «ҚазМұнайГаз-	466030, Қазақстан Республикасы,	мұнай және газ әзірлеу әрі өндіру	Баймұханов И.У.

Тельф»	Атырау обл., Жылыой ауданы, Құлсары қ., «Сера» РИП		
«Тенге» БК» ЖШС	466207, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау обл., Жаңаөзен қ., 3-ш. ауд. 6-үй	мұнай және газ әзірлеу әрі өндіру	Кенжәлиев А.Ф.
«ҚазМунайГаз-Бұрғылау» Арнайы бұрғылау кәсіпорны ЖШС	466200, Қазақстан Республикасы, Маңғыстау обл., Бірлік кенті, өнеркәс. аймағы	ұңғылар бұрғылау	Нұржанов А.С.
«Эмбаведьойл» ЖШС	465002, Қазақстан Республикасы, Атырау қ., Хәкімов жолы, 4	мұнай және газ әзірлеу әрі өндіру	Чердабаев М.Т.
«ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Әуезов к., 66	Фимараттарға қызмет көрсету жөнінде сервистік қызметтер, тамақтану, автотасымалдау	Хайыров К.Б.
«ҚазақТүрікМұнай, Лтд.» ЖШС	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Абай даң., 113, 6 қабат	мұнай және газ әзірлеу әрі өндіру	Ноғажев Н.А.
«МұнайТас» Солтүстік-батыс құбыр компаниясы» ЖШС	Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Сәтпаев к., 29Д	Мұнай тасымалдау	Жұмаділлаев Т.Д.
«Қызметшілерді дамытудың бірыңғай орталығы» жеке кәсіпорны	473000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Қабанбай батыр даң., 20	Мұнай және газ кәсіпорындары саласының мамандарын дайындау және қайта дайындау.	Адасбаев Е.А.

18-1. Қоғамның қосылма тұлғаларымен мәмілелер.

Қоғам 2004 жылға мұнай көлік экспедициясы жөніндегі қызметтер кешенін орындауды ұйымдастыру бойынша «Ембімұнайгаз» ААҚ-пен, «Өзенмұнайгаз» ААҚ-пен, «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» ЖАҚ-пен, «Ембіведьойл» ЖШС-мен, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС-мен, «ҚазМұнайГаз-Тельф» ЖШС-мен олардың жасалуына мүдделі болып отырған мәмілелер жасады.

Қоғам 2004 жылға мұнай тасымалы жөніндегі қызметтер көрсету бойынша «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» ЖАҚ-пен оның жасалуына мүдделі болып отырған мәміле жасады.

Қоғам 2004 жылға Астрахань – Маңғышлақ су ағызғысынан су жіберу жөнінде «Ембімұнайгаз» ААҚ-пен, «Өзенмұнайгаз» ААҚ-пен, «ҚазМұнайГаз-Тельф» ЖШС-мен олардың жасалуына мүдделі болып отырған мәмілелер жасады.

Қоғам мұнай тасымалы жөніндегі қызметтер көрсету бойынша шарттарды 2004 жылға ұзарту туралы «ҚазМұнайГаз-Тельф» ЖШС-мен, «Тенге» БК» ЖШС-мен олардың жасалуына мүдделі болып отырған мәмілелер жасады.



Қоғам “Қазақ мұнай және газ институты” АҚ-пен мына тақырыптар бойынша ғылыми-техникалық құжаттамалар әзірлеуге арналған олардың жасалуына мүдделі болып отырған мәмілелер жасады:

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілері бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “Индер МАС. ЖЖС-ны қайта құру”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілері бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “Мақат МАС. ЖЖС-ны қайта құру”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілерін салуға арналған жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “АМБ. 1 учаскедегі 20 жеңіл автомашинаға арналған бокс”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілерін салуға арналған жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “АМБ. АҚК 20 бірлік арнаулы техникаға арналған бокс”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілері бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “Индер МАС. Көбікпен сөндіру сораптарын қайта құру”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілері бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “МАС 663 км. Көбікпен сөндіру сораптарын қайта құру”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілері бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “Қарманов МАС. Көбікпен сөндіру сораптарын қайта құру”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілерін салуға арналған жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “Қаратон МАС. Магистральды сорап”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілерін салуға арналған жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “Сахарный МҚС. Автомашиналарды жууға жылы орын”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілерін салуға арналған жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “ОМБ өнеркәсіп базасы. Автомашиналарды жууға жылы орын”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілері бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “Үлкен Шаған МАС. Өрт сөндіру автожууын қайта құру”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілерін салуға арналған жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “Үлкен Шаған МАС. АҚК 20 орындық арнаулы техникаға арналған гараж”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілері бойынша жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “Қаражанбас МАС. Өрт сөндіру жүйесін қайта құру”;

“ҚазТрансОйл” ЖАҚ Батыс филиалы объектілерін салуға арналған жобалау-ізвестіру жұмыстарын орындау – “Шолаққорған БМАС. АТК ғимараты”.

### **3. Қоғам қызметінің сипаттамасы**

19. Қоғам қызметінің негізгі түрлерінің қысқаша сипаттамасы, Қоғамның бәсекелесі болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер.

Қоғам қызметінің негізгі түрлері мыналар:

мұнайды әрі мұнай өнімдерін магистральды құбырлармен тасымалдау, сақтау, қотару және құю, көліктің басқа түріне ауыстырып құю немесе басқа аралас құбыр жүйелеріне беру жөніндегі қызметтер, сондай-ақ су жеткізу жөніндегі қызметтер;

өзге заңды тұлғаларға тиесілі магистральды құбырларды пайдалану, оларға техникалық қызмет көрстеу және ағымдағы жөндеу жөніндегі қызметті жүзеге асыру;

көлік экспедициясы қызметтерін қоса алғанда, басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері бойынша қазақстандық мұнайды тасымалдауды және оның транзитін ұйымдастыру.

Қазақстанның құрылықта орналасуынан және Каспий теңізінің географиялық оқшаулануынан темір жол және танкер көлігі тарапынан Қоғамға бәсекелестік шектелген. Қоғамның Қазақстандағы жалғыз салмақты бәсекелесі консорциум акционерлеріне – Каспий өңірінде жұмыс істейтін ірі мұнай-газ компанияларына мұнай экспорттаудың кепілді мүмкіндігін қамтамасыз етуге тағайындалған Каспий құбыр консорциумы болып табылады. Қоғам мен Каспий құбыр консорциумы құбырларының ұштасқан жері Атырау қаласының аймағында. Каспий құбыр консорциумының ұзындығы 1,58 мың километр “Теңіз – Новоросийск” мұнай құбыры Батыс Қазақстан кеніштерін Қара теңіздің ресей жағалауымен қосып жатыр. Бірінші кезеңде мұнай құбырының қуаттылығы жылына 28,2 млн. тоннаны құрайды, Каспий құбыр консорциумының қуаты бірте-бірте жылына жобалық 67 млн тоннаға дейін өсуге тиіс.

Қазіргі уақытта Каспий құбыр консорциумы айына 1,6 млн. тонна мұнай тасымалдайды. Қарашығанақты іске қосуға байланысты алдағы бірнеше айдың ішінде тартып айдаудың айына 2 млн. тонна немесе жылына 24 млн. тонна (тәулігіне 500 мың баррельден артық) деңгейіне жоспарланып отыр.

Каспий құбыр консорциумы жұмысының басынан бастап 2001 жылдың қазанында 33 млн. тоннадан астам мұнай айдалған болатын, осы жылдың басынан бастап 7 млн. тоннадай шикізат жөнелтілді.

20. Қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сатудың (жұмыстарды, қызметтерді) табыстылығына позитивті және негативті әсер ететін факторлар.

Позитивті факторлар:

мұнай бағасының өсуі;

Қазақстан Республикасы салық заңнамасының тұрақтылығы.

Негативті факторлар:

мұнай бағасының төмендеуі;

қоршаған ортаны ластауға байланысты тәуекелдер, сондай-ақ оның зардаптарын жою жөніндегі шығыстар.

21. Соңғы екі жылда немесе Қоғамның нақты жұмыс істеу кезеңінде сатылған өнімдердің (орындалған жұмыстардың, қызметтердің) көлемдері.

Соңғы екі жылда немесе Қоғамның нақты жұмыс істеу кезеңінде Қоғамның сатылған өнімдерінің (орындалған жұмыстарының, қызметтерінің) көлемдеріндегі өзгерістерді талдау.

Сатылған өнімдердің және көрсетілген қызметтердің көлемі	Өлшем бірлігі	2002ж.	2003ж.
Барлығы сатылғаны:			
Оның ішінде:			
мұнай тасымалдау	мың. тн	30 317	34 192
су жеткізу	мың. м3	14 378	14 839

Қазақстанда мұнай өндіру көлемінің артуы, сондай-ақ су тұтынудың артуы есебінен 2003 жылы толығымен алғанда мұнай және су тасымалдаудың артуы байқалды.

22. Қоғамның өз өнімін (жұмыстарын, қызметтерін) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі.

1) Тұтынылатын тауардың жалпы құнының бес және одан да көп пайызы келетін жеткізушілер туралы мәліметтер:

Заңды тұлғаның атауы	Заңды тұлғаның орналасқан жері
«ҚазСтройСервис» ЖАҚ	480000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даң., 248Б
«Темір Пайп» ЖШС	480100, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Достық даң. , 89Г
“Айсель – Қазақстан корпорациясы” ЖШС	480091, Қазақстан Республикасы Алматы қ. Чайковский к.,170
“Қазстройпромтехмонтаж” АҚ	480060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Тәжібаев к.,60

2) Өндірілетін тауардың жалпы құнының бес және одан да көп пайызы келетін тұтынушылар туралы мәліметтер.

Заңды тұлғаның атауы	Заңды тұлғаның орналасқан жері
“Маңғыстаумұнайгаз” ААҚ	466200, Қазақстан Республикасы, Ақтау қ., 6-шағынаудан 1-үй
“ҚазМұнайГаз” барлау өндіру” АҚ	473000, Қазақстан Республикасы Астана қ., Қабанбай батыр даңғылы, 20
“СНПС – Ақтөбемұнайгаз” ААҚ	463022, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қ., Некрасов к., 158
“ТорғайПетролеум” ЖАҚ	467008, Қазақстан Республикасы Қызылорда қ., Ш. Исенов к., 1А
“ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз” АҚ	480009, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қарасай батыр к., 204

23. Қоғам қызметіне әсер етуші факторлар.

1) маусымдық сипаттағы қызметтердің түрлері, Қоғамның жалпы табысындағы олардың үлесі:

Қоғам маусымдық сипаттағы қызметтер түрлерін жүргізбейді.

2) Сатылатын өнімнің жалпы көлеміндегі Қоғамға жеткізілетін (көрсетілетін) шикізатқа (жұмыстарға, қызметтерге) импорттың үлесі және Қоғам экспортқа шығаратын өнімнің (жұмыстардың, қызметтердің) үлесі - жоқ;

3) Қоғамның сот процестеріне қатысуы туралы мәліметтер. Олардың нәтижелері бойынша Қоғам қызметінің тоқтатылуы немесе өзгеруі, одан ақшалай немесе өзге де міндеттемелерді өндіріп алу мүмкін болатын ол қатысқан сот процестері мәнінің сипаттамасын ұсыну қажет:

Қоғам өз қызметі кезеңінде олардың нәтижелері бойынша Қоғам қызметінің тоқтатылуы немесе өзгеруі мүмкін болатын сот процестеріне қатысқан жоқ.

4) Қоғамға және оның лауазымды тұлғаларына уәкілетті мемлекеттік орган не (немесе) сот соңғы жыл ішінде салған барлық әкімшілік жазалар туралы мәліметтер:

2003 жылы Қоғамды және/немесе оның лауазымды тұлғаларын әкімшілік жазаға тарту фактілері болған жоқ.

5) тәуекел факторлары. Тәуекелдің егжей-тегжей талдамасын ұсыну қажет:

бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында немесе биржадан тыс рынокта акциялардың бағасына, сондай-ақ Қоғам акцияларының құнына әсер етуші рыноктағы өнім құнының өзгеруіне әсер етуші;

инфляциямен, девальвациямен және банк пайызы ставкасымен негізделген; шығарылатын өнімнің бәсекелестік қабілетіне байланысты; елдегі саяси жағдайдың өзгеруіне және заңнаманың өзгеруіне байланысты; әлеуметтік факторларға байланысты және т.б.

Қоғам акциялары саудаға шығарылмайды, сондықтан олардың құнының қор нарығында бағасы болмайды және тиісінше нарық тәуекелінің акциялар құнына әсері баға қалыптасуының тікелей факторы ретінде қарала алмайды.

Қоғамға мынадай тәуекелдер әсер етеді:

Макроэкономикалық орта.

Экспорт өніміне дүниежүзілік бағалар, инвестиция көлемі мен құрылымы сияқты сырқы факторлар жоғары дәрежеде әсер ететін, қазіргі уақытта қалыптасу процесінде тұрған Қазақстан Республикасының экономикасы.

Мемлекеттік реттеу.

Магистральды құбырлармен мұнай тасымалдау жөніндегі қызметтерге тарифтерді Қазақстан Республикасы Табиғи монополиялар және бәсекелестікті қорғау агенттігі бекітетіндігіне байланысты Қазақстан Республикасы Үкіметі тарапынан тарифтерді реттеуді өзгерту тәуекелі орын алады.

Бәсекелестіктің әсері.

Қазіргі бар Каспий құбыр консорциумы мұнай құбыры мұнай өндіруші компанияларға мұнай тасымалдаудың баламалы жолын ұсынады, яғни Қоғамның қазіргі бар құбыр жүйесіне бәсекелестік туғызады.

Алайда, Каспий құбыр консорциумына қол жеткізу бірінші кезекте өз акционерлеріне берілетіндіктен, ал "Атырау – Самара" мұнай құбыры ортақ пайдаланылатын құбыр болғандықтан, Каспий құбыр консорциумы тарапынан бәсекелестік шектелген. Мұнымен қатар Қазақстанда мұнай өндірудің өсуі және Каспий құбыр консорциумы мұнай құбырындағы бос қуаттардың қысқаруы "Атырау – Самара" құбырымен мұнай тасымалдау көлемін сақтау әрі арттыру үшін жақсы негіз болып табылады.

Әлеуметтік тәуекелдер.

Қоғам әлеуметтік сипаттағы негативті әсерлерді қысқартуға бағытталған саясат жүргізеді.

Техникалық тәуекелдер.

Көрсетілетін қызметтердің тиімділігі мен сапасына негативті әсер ететін жекелеген бағыттардағы жабдықтар тозуының артуы Қоғам үшін техникалық тәуекелдің негізгі факторы болып табылады.

Экологиялық тәуекелдер.

Қоғам ғимараттарын салу кезіндегі экологиялық тәуекелдер негізінен жерді нормадан тыс алуға және оның механикалық бұзылуына, сондай-ақ су ағарларды қиып өту және жағалау терминалдарын салу кезінде су ресурстарына әсер етуге байланысты.

Мұнай құбырларын пайдалану кезіндегі тәуекелдер: жабдықтың ішіндегі жарылыстар; үй-жайлардағы, ашық алаңдардағы және өнім жылыстау кезінде мұнай құбырларында болатын жарылыстар мен өрттер; жабдықтарда, мұнай құбырларында және сұйыққоймаларда апаттық саңылау пайда болған жағдайда, мұнай мен мұнай өнімдерінің суға және атмосфераға тасталуы мұнай құбырларын пайдалану кезінде төтенше жағдайлардың туындауының ықтималы.

#### 4. Қаржылық емес ұйымдардың қаржылық жағдайы

##### 24. Инвестициялар.

мың. теңге

Инвестициялар түрі	Инвестициялар сомасы
«Қазақстан Халық банкі жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-тағы инвестициялар	94 871
«Комакивест» ЖАҚ акциялары	640
«ҚазТрансОйл-Сервис» АҚ еншілес ұйымдарына инвестициялар	2 954 456
Өзге де инвестициялар	
<b>Барлық инвестиция</b>	<b>3 049 967</b>

##### 25. Дебиторлық берешек.

Қоғам алдында Қоғам активтерінің теңгерімдік құнынан бес және одан да көп пайыз мөлшерінде дебиторлық берешегі бар ұйымдар жоқ.

##### 25-1. Активтер

№	Активтер 01.07.04 жылға	Сомасы
<b>Негізгі құралдар</b>		
1	Ғимараттар, үй-жайлар	22 119 474
2	Машиналар, жабдықтар, берілетін құрылғылар	39 090 354
3	Келік құралдары, оның ішінде:	38 850 863
	<i>Мұнай құбырлары</i>	35 433 020
<b>Қысқа мерзімді дебиторлық берешек</b>		12 543 020
<b>Ақша</b>		42 931 930

##### 26. Қоғамның жарғылық капиталы.

Қоғамның төленген жарғылық капиталы 32 916 055 000 (отыз екі миллиард тоғыз жүз он алты миллион елу бес мың) теңгені құрайды.

##### 27. Қарыз

Қарыз бойынша кредитордың атауы	Қарыз валютасы	Жылына орташа ставка %	тыс. теңге
			Өтеу күні
NordCap Bank (бұрынғы ABV Export Bank)	UDS	3,75% + Libor	сәуір 2006ж.
Еврооблигациялар	UDS	8,5%	шілде 2006ж.

Қарыз бойынша кредитордың атауы	АҚШ долл.		
	Төлемдер (негізгі борыш + %) жылдар бойынша		
	2004	2005	2006

	1тоқсан	2тоқ.	3тоқ.	4тоқ.		
NordCap Bank (бұрынғы ABB Export Bank)	1 645 789	1 657 510	1 635 577	1 612 464	6 236 176	2 989 079
Еврооблигациялар	6 375 000		6 375 000		12 750 000	162 750 000

## 28. Кредиторлық берешек

Қоғамның ұйымдар алдында Қоғам активтерінің теңгерімдік құнынан бес және одан да көп пайыз мөлшерінде кредиторлық берешегі жоқ.

## 5. Бағалы қағаздар шығару туралы мәліметтер

30. Барлық тіркелген бағалы қағаздар шығарылымына қатысты мыналар көрсетіледі:

1) әр шығарылымдағы бағалы қағаздардың жалпы саны, түрі, санаты және атаулы құны, шығару нысаны, сондай-ақ бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, бағалы қағаздар шығарылымының мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркелген күні;

2) бағалы қағаздарды орналастырудың басталған және аяқталған күндері. Егер бағалы қағаздарды орналастыру аяқталмаса, Қоғамның бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін ұсынған құжаттарындағы деректерге сәйкес бағалы қағаздарды орналастыруды нақты аяқталатын күнін көрсету қажет.

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мыналарды берді:

Қоғамның 19 202 862 (он тоғыз миллион екі жүз екі мың сегіз жүз алпыс екі) жай атаулы акциялары мөлшерінде шығарылған атаулы құны 1000 теңге бірінші эмиссия акцияларына **KZ1C29951414** ұлттық сәйкестендірме нөмірі (2001 жылғы 26 желтоқсандағы Бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік №А2995). 1997 жылғы 30 желтоқсандағы жағдай бойынша осы эмиссия акциялары толық орналастырылған және төленген (2001 жылғы 26 желтоқсандағы №А2995 хабарлама). Орналастыру басталған күн – 1997 жылғы 30 желтоқсан. Орналастыру аяқталған күн – 1997 жылғы 30 желтоқсан. Қоғамның бірінші эмиссия акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясымен 1999 жылғы 25 наурызда бекітілген;

Қоғамның 140 352 (жүз қырық мың үш жүз елу екі) жай атаулы акциялары мөлшерінде шығарылған атаулы құны 1000 теңге екінші эмиссия акцияларына **KZ1C29951406** ұлттық сәйкестендірме нөмірі (2001 жылғы 26 желтоқсандағы Акцияларға ұлттық сәйкестендірме нөмірін (ұлттық сәйкестендірме нөмірлерін) беру туралы куәлік №А2995-1). 1998 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша осы эмиссия акциялары толық орналастырылған және төленген (2001 жылғы 26 желтоқсандағы №А2995-1 хабарлама). Орналастыру басталған күн – 1998 жылғы 24 шілде. Орналастыру аяқталған күн – 1998 жылғы 30 қыркүйек. Қоғамның бірінші эмиссия акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясымен 1999 жылғы 25 наурызда бекітілген;

Қоғамның 62 857 (алпыс екі мың сегіз жүз елу жеті) жай атаулы акциялары мөлшерінде шығарылған атаулы құны 1000 теңге үшінші эмиссия акцияларына **KZ1C29951406** ұлттық сәйкестендірме нөмірі (2001 жылғы 26 желтоқсандағы Акцияларға ұлттық сәйкестендірме нөмірін (ұлттық сәйкестендірме нөмірлерін) беру туралы куәлік №А2995-2). 1999 жылғы 30 қыркүйектегі жағдай бойынша осы эмиссия акциялары толық орналастырылған және төленген (2001 жылғы 26 желтоқсандағы №А2995-2 хабарлама). Орналастыру басталған күн – 1999 жылғы

30 қыркүйек. Орналастыру аяқталған күн – 1999 жылғы 30 қыркүйек. Қоғамның бірінші эмиссиялы акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясымен 1999 жылғы 20 желтоқсанда бекітілген;

Қоғамның 19 138 (он тоғыз мың бір жүз отыз сегіз) жай атаулы акциялары мөлшерінде шығарылған атаулы құны 1000 теңге төртінші эмиссия акцияларына **KZ1C29951406** ұлттық сәйкестендірме нөмірі. Есіпті бекіткен кезге төртінші эмиссия акциялары толығымен орналастырылған және төленген. Орналастыру басталған күн – 2000 жылғы 14 қараша. Орналастыру аяқталған күн – 2000 жылғы 01 желтоқсан. Қоғамның бірінші эмиссиялы акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясымен 2001 жылғы 26 қаңтарда бекітілген. Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясы шығарылған (төленген) жарғылық капиталдың азаюына байланысты Қоғамның төртінші эмиссиясын жойды. (2001 жылғы 05 маусымдағы акциялар эмиссиясын жою туралы куәлік №А2995-3);

Қоғамның 13 478 504 (он үш миллион төрт жүз жетпіс сегіз мың бес жүз төрт) жай атаулы акциялары мөлшерінде шығарылған атаулы құны 1000 теңге бесінші эмиссия акцияларына **KZ1C29950009** ұлттық сәйкестендірме нөмірі (2001 жылғы 28 қарашадағы Акцияларға ұлттық сәйкестендірме нөмірін (ұлттық сәйкестендірме нөмірлерін) беру туралы куәлік №А2995-4). 2001 жылғы 01 сәуірдегі жағдай бойынша осы эмиссия акциялары толық орналастырылған және төленген (2001 жылғы 26 желтоқсандағы №А2995-4 хабарлама). Орналастыру басталған күн – 2001 жылғы 12 наурыз. Орналастыру аяқталған күн – 2001 жылғы 01 сәуір. Қоғамның бірінші эмиссиялы акцияларын орналастыру қорытындылары туралы есеп Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар жөніндегі Ұлттық комиссиясымен 2001 жылғы 26 маусымда бекітілген.

3) Орындалмаған міндеттемелер санын және оларды орындау мерзімін өткізіп алу күндерін қосқанда Қоғамның бағалы қағаздар ұстаушылар алдында өз міндеттемелерін орындамау, облигациялар бойынша сыйақылар төлемеу (төлемді кідірту), жай және артықшылықты акциялар бойынша дивиденттер төлемеу (төлемді кідірту) фактілері туралы мәліметтер. Дивиденттер есептеу және төлеу бойынша берешектер болған жағдайда, себептері көрсетілсін:

Қоғамның осындай өз міндеттемелерін орындамау фактілері жоқ.

4) бағалы қағаздар орналастыру немесе оның айналысы тоқтатылған немесе бағалы қағаздар шығалылымы дәрменсіз деп танылса, осындай шешім қабылдаған мемлекеттік органды, шешім қабылдау күнін және негіздемесін көрсету қажет:

Мұндай фактілер жоқ.

5) облигациялар бойынша төлемді өтеу күндері және оның жалпы мөлшері:

Төменде келтірілген кестеде осы тармақша бойынша мәліметтер көрініс береді.

6) "ҚазМұнайГаз" ҰК" ЖАҚ-тың 2003 жылғы 21 наурыздағы №92 бұйрығы негізінде Қоғам қызметінің қорытындылары бойынша 2002 жылға бір акцияға 41,80 теңге төленді, Қоғам төлеген дивиденттердің жалпы сомасы 470 589 000 теңгені (төрт жүз жетпіс миллион бес жүз сексен тоғыз мың) теңгені құрайды, оның ішінде бюджетке салық 70 588 350 теңге. Төлем кезіндегі акциялардың жалпы мөлшері 32 884 575 дана.

"ҚазМұнайГаз" ҰК" ЖАҚ-тың 2003 жылғы 21 тамыздағы №328 бұйрығы негізінде Қоғам қызметінің қорытындылары бойынша 2001 жылға бір акцияға 14,31 теңге төленді, Қоғам төлеген дивиденттердің жалпы сомасы 1 373 759 500 теңгені (бір миллиард үш жүз үш жетпіс миллион жеті жүз елу тоғыз мың бес жүз) теңгені

құрайды, оның ішінде бюджетке салық 206 063 925 теңге. Төлем кезіндегі акциялардың жалпы мөлшері 32 884 575 дана.

7) сауданы ұйымдастырушылардың атауын қосқанда қоғамның бағалы қағаздарын сатуды жүзеге жүзеге асыратын негізгі рыноктар:

Төменде келтірілген кестеде осы тармақша бойынша мәліметтер көрініс береді.

	Еврооблигациялар	Ішкі облигациялар
Саны:	Жоқ	300 000 дана
Түрі:	орта мерзімді облигациялар	орта мерзімді облигациялар
Санат:	ғаламдық облигациялар	атаулы, купондық облигациялар
Атаулы құны	150 000 000 АҚШ доллары	100 АҚШ доллары
Шығару нысаны:	құжатсыз	құжатсыз
Мемлекеттік тіркеу	Қазақстан Республикасы Халық банкі (№53.01.043.және 06.07.2001ж.)	13.10 2000г. №А24 Қазақстан Республикасы Бағалы қағаздар жөніндегі ұлттық комиссиясы берген бағалы қағаздар эмиссиясын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік
Орналастыруды бастау күні:	6 шілде 2001ж.	23 қазан 2000ж.
Орналастыруды аяқтау күні	6 шілде 2001ж.	30 маусым 2001ж
Өтеу күні:	6 шілде 2006ж.	23 қазан 2003ж.
Төлемнің жалпы мөлшері:	213 750 000 АҚШ доллары (дивидендтер мен негізгі борышты өтеуді қосқанда)	Төленген пайыз мөлшері – 8,1 млн. АҚШ доллары, негізгі борышты өтеу 30 000 000 АҚШ доллары
Негізгі рыноктар:	Люксембург биржа қоры, Қазақстан биржа қоры	Қазақстан биржа қоры
Сауданы ұйымдастырушылардың атауы:	JP Morgan Securities Ltd.	«Қазкоммерц Секьюритиз» ААҚ.

## 6. Жарияланған акциялар шығару туралы мәліметтер

31. Акциялар туралы мәліметтер:

1) Акциялардың саны, түрлері:

Қоғам жарғысына сай жарияланған акциялар саны 32 916 055 жай акцияларды құрайды.

2) Құрылтайшылар арасында орналастырылған акциялар саны, түрлері:

Жалғыз акционерге 32 884 575 жай акция орналастырылған.



Қоғам жарғысына сай акционерге орналастырылуға жататын акциялар саны 32 916 055 жай акцияны құрайды.

3) Бір акцияның құрылтайшылар төлейтін атаулы құны:

Бір акцияның жалғыз акционер төлейтін атаулы құны 1000 (бір мың) теңге.

4) Артықшылықты акциялар бойынша дивиденттің кепілді мөлшері:

Қоғам артықшылықты акциялар шығармайды.

32. Қоғамның айырбасталымды бағалы қағаздары.

Айырбасталымды акциялар шығарылған жағдайда, осындай айырбасталымның тәртібі мен ережелері көрсетіледі.

Қоғам айырбасталымды бағалы қағаздар шығармайды.

33. Төлем агенті туралы мәлімет.

Қоғамның телеагенті жоқ.

34. Қоғамның тіркеушісі туралы мәліметтер.

Тіркеушінің толық және қысқартылған атауы, оның орналасқан жері, байланыс телефондары, сондай-ақ бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиясы туралы деректер (нөмірі, берілген күні, лицензияны берген орган) көрсетілсін.

Тіркеушінің толық атауы – “Қор орталығы” жабық акционерлік қоғамы, қысқаша – “Қор орталығы” ЖАҚ.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 480012, Алматы қаласы, Мәуленов көшесі, 92-үй, байланыс телефондары (3272) 676 344, 676 345.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі берген 2003 жылғы 16 мамырдағы №0406200253 бағалы қағаздар ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия.

Тізілімді жүргізу жөніндегі қызметтерді көрсетуге арналған 1999 жылғы 02 тамыздағы №US349/99 Шарт.

## 7. Қосымша ережелер

34. Акциялар шығаруға арналған шығындар сомасы:

Қоғам акциялар шығару анықтамалығын жасаған кезде аудиторлардың, сарапшылардың және қаржы консультанттарының қызметін пайдаланған жоқ. Акциялар шығарылымына шығындар жоқ.

35. Инвесторларға арналған ақпарат.

Инвесторлар Қоғам жарғысының көшірмесімен және акциялар шығару анықтамалығымен таныса алатын жерлер туралы ақпарат, сондай-ақ Қоғам инвесторлар арасында тарату қажет деп есептейтін өзге де ақпарат көрсетіледі.

Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 20-үй, 0429 кабинет, Корпоративтік қаржыландыру департаменті.



Т. Таубалдиев

Ж. Сұлтанғалиева

“Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржы реттеу мен қадағалау жөніндегі заңдар жинағы”  
ТІРКЕДІ  
2004 ж. “13” селісізі



*Сүлеймен*

**Акциялар шығару анықтамалығын  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
2004 жылғы 13 қыркүйекте тіркеген**

**«ҚазТрансОйл» АҚ акциялар шығару анықтамалығына  
№1 өзгерістер**

1. Акциялар шығару анықтамалығының 1-бөлімінде:
  - 1) «Табиғи монополиялар туралы» деген сөздер «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;
  - 2) 5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Қоғамның орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсының нөмірлері, электронды почтасының мекенжайы туралы ақпарат.  
Заңды мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19-үй.  
Нақты мекенжайы: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19-үй.  
Байланыс телефондары: 8 (7172) 555-145, 555-144; факс: 8 (7172) 24-32-32.  
Электронды почтаның мекенжайы: [office@kaztransoil.kz](mailto:office@kaztransoil.kz)»;
  - 3) 7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Қоғам қызметінің түрлері:
    - 1) мұнайды және мұнай өнімдерін магистральды құбырлармен тасымалдау (айдау, ауыстырып құю, қотару, құю, сақтау, араластыру) жөніндегі қызметтерді көрсету;
    - 2) заңды және жеке тұлғалардың Қоғамның құбырлар жүйесіне қол жеткізуі тәртібін айқындау;
    - 3) жаңа технологияларды өзірлеу мен енгізу;
    - 4) көмірсутегі шикізатын және оны қайта өңдеу өнімдерін өткізу рыноктарын маркетингтік зерделеу жүргізу;
    - 5) мұнай-газ секторын дамытудың мемлекеттік және ұлттық бағдарламаларын өзірлеуге әрі орындауға қатысу;
    - 6) Қоғам қызметкерлерінің кәсіби даярлығын, қайта даярлауды және біліктілігін арттыруды жүзеге асыру;
    - 7) мұнай операциялары және басқа да операциялар бойынша келіссөздер жүргізу әрі шарттар жасасу;
    - 8) сыртқы және ішкі рыноктарда мұнайды сату;
    - 9) Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде сұйық көмірсутегі шикізатын сақтау, оны тасымалдау жүзеге асырылатын көліктің басқа түрлеріне тиеу және ауыстырып құю жөніндегі объектілерді қоса алғанда, құбыр жүйесін жобалауды, қаржыландыруды, салуды, иеленуді және пайдалануды жүзеге асыру;
    - 10) өзге заңды тұлғаларға тиесілі магистральды құбырларды пайдалану және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру;
    - 11) басқа мемлекеттердің құбыр жүйелері бойынша қазақстандық мұнайды тасымалдауды және оның транзитін ұйымдастыру (бірыңғай бағыттау бойынша операторлық қызмет);
    - 12) Қазақстан Республикасының тұтынушылары үшін таратушы құбырлармен табиғи газ тасымалдау жөніндегі қызметтерді көрсету;
    - 13) электр энергиясын беру және тарату жөніндегі қызметтерді көрсету;

- 14) жылу энергиясын өндіру, беру және тарату жөніндегі қызметтерді көрсету;
  - 15) магистральды құбырмен су беру жөніндегі қызметтерді көрсету;
  - 16) ғылыми-техникалық, өндірістік-шаруашылық және сыртқы экономикалық қызметті жүзеге асыру;
  - 17) мұнай келігі инфрақұрылымы жобаларын дайындау мен әзірлеу жөніндегі консалтингтік және техникалық қызметтерді жүзеге асыру;
  - 18) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызмет.»;
- 4) 9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:  
«9. Қоғамның барлық филиалының және өкілдігінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және почталық мекенжайы.
    - 1) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Батыс филиалы:  
тіркелген күні – 1997 жылғы 12 маусым;  
орналасқан жері және почталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 060009, Атырау қаласы, З. Гұмаров көшесі, 94.
    - 2) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Шығыс филиалы:  
тіркелген күні – 1997 жылғы 21 шілде;  
орналасқан жері және почталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 140004, Павлодар қаласы, Луговой көшесі, 16.
    - 3) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы Ұжымдық пайдалану есептеу орталығы» филиалы:  
тіркелген күні – 2002 жылғы 25 желтоқсан;  
орналасқан жері және почталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Фабдуллин көшесі, 2.
    - 4) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының «Ғылыми-техникалық орталығы» филиалы:  
тіркелген күні – 2000 жылғы 4 қыркүйек;  
орналасқан жері және почталық мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 050000, Астана қаласы, Бөгенбай батыр көшесі, 5 (бесінші)-қабаттың сол қанаты.
    - 5) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Мәскеу қаласындағы өкілдігі:  
тіркелген күні – 1999 жылғы 30 тамыз;  
орналасқан жері және почталық мекенжайы: Ресей Федерациясы, 123001, Мәскеу қаласы, Вспольный орамы, 5-үй, 2-құрылыс.
    - 6) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Киев қаласындағы өкілдігі:  
тіркелген күні – 2003 жылғы 16 желтоқсан;  
орналасқан жері және почталық мекенжайы: Украина, 04050, Киев қаласы, Артем көшесі, 60.
    - 7) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Самара қаласындағы өкілдігі:  
тіркелген күні – 2004 жылғы 11 маусым;  
орналасқан жері және почталық мекенжайы: Ресей Федерациясы, 443099, Самара облысы, Самара қаласы, Молодогвардейская көшесі, 33, Е-литері, 37-бөлме.
    - 8) «ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамының Омбы қаласындағы өкілдігі:  
тіркелген күні – 2007 жылғы 22 қаңтар;  
орналасқан жері және почталық мекенжайы: Ресей Федерациясы, 644007, Омбы қаласы, Тарский көшесі, 51.»;
  - 5) мынадай мазмұндағы 10-1 және 10-2-тармақтармен толықтырылсын:  
«10-1. «ҚазТрансОйл» АҚ топтық басқару кодексі Қоғам Жалғыз акционерінің шешімімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2008 жылғы 24 қарашадағы отырысының №13/2008 хаттамасы) бекітілген.

10-2. Қоғам акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын анықтау әдістемесін Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысының бекіткен күні:

«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын анықтау әдістемесі акцияларды шығару анықтамалығының ажыратылмас бөлігі болып табылады. «ҚазТрансОйл» АҚ акцияларды сатып алуы кезінде олардың құнын анықтау әдістемесі Қоғам Жалғыз акционерінің шешімімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2007 жылғы 10 желтоқсандағы отырысының №14/2007 хаттамасы) бекітілген.».

2. Акциялар шығару анықтамалығының 2-бөлімінде:

1) 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Қоғамның директорлар кеңесі:

1) Қоғамның директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің (тәуелсіз директорларды көрсете отырып) тегі, аты, болған ретте – әкесінің аты, туған жылы;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың соңғы үш жылда және қазіргі кезде атқаратын, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, хронологиялық тәртіпте;

(Осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша мәліметтер төменде берілген кестеде келтірілген)

Т.А.Ә.	Туған жылы	Соңғы үш жылда және қазіргі кезде атқаратын, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, хронологиялық тәртіпте
<b>Директорлар кеңесінің төрағасы</b>		
Шманов Нұртас Нұрибекұлы – Жалғыз акционер мүдделерін білдіруші	24.12.1956 ж.	05.2006 ж. – 12.2007 ж. – «КҚК-Р» ЖАҚ бас директорының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары; 12.2007 ж. – 01.2009 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы); 01.2009 ж. – 06.2009 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры; 06.2009 ж. – қазіргі кезде – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры (Басқарма төрағасы).
<b>Директорлар кеңесінің мүшелері:</b>		
Дәрібаев Арман Амангелдіұлы – Жалғыз акционер мүдделерін білдіруші	04.08.1969 ж.	05.2006 ж. – 06.2009 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры; 06.2009 ж. – қазіргі кезде – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау жобалары жөніндегі бас менеджері.
Сұлтан Нұрбол Сарыбайұлы – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы)	30.04.1976 ж.	04.2006 ж. – 12.2008 ж. – «Меридиан Капитал» ЖШС директоры; 01.2009 ж. – қазіргі кезде – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры

		(Басқарма төрағасы).
Дәниел Михалик – тәуелсіз директор	30.06.1953 ж.	2006 ж. – 2008 ж. – Мұнай құбыры қауымдастығында бас кеңесші, Вашингтон, АҚШ; 2008 ж. – қазіргі кезде – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.
Мұстафа Хабиб – тәуелсіз директор	10.12.1944 ж.	2007 ж. – 11.2008 ж. – AGIP КСО (Kashagan Project) кеңесшісі; 11.2008 ж. – қазіргі кезде – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі.

3) Директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі дауыс беруші акциялардың Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы:

Директорлар кеңесі мүшелерінде Қоғамның акциялары жоқ. Пайыздық қатынасы – 0%;

4) еншілес және тәуелді ұйымдардағы Директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталындағы үлестің) осы ұйымдар орналастырған акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестің) жалпы санына пайыздық қатынасы:

Қоғам директорлар кеңесі мүшелерінің еншілес және тәуелді ұйымдарда акциялары (жарғылық капиталдағы үлесі) жоқ. Пайыздық қатынасы – 0%;

5) өткен екі жыл ішінде Қоғам Директорлар кеңесі құрамындағы өзгерістер және көрсетілген өзгерістердің себептері:

Қоғам Жалғыз акционерінің шешімі болып табылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2006 жылғы 23 сәуірдегі №217 бұйрығына сәйкес 2006 жылғы 23 наурыздан бастап Қоғам директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттігі тоқтатылды.

Қоғам Жалғыз акционерінің шешімі болып табылатын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2006 жылғы 23 сәуірдегі №228 бұйрығына сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің құрамы 3 жыл өкілеттік мерзіммен мына құрамда сайланды:

1) Берлібаев Данияр Әмірбайұлы – Директорлар кеңесінің төрағасы, акционер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мүдделерін білдіруші;

2) Сатыбалдина Жаннат Сағындыққызы – Директорлар кеңесінің мүшесі, акционер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мүдделерін білдіруші;

3) Сауранбаев Нұрлан Ермекұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі, акционер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мүдделерін білдіруші;

4) Филатов Александр Александрович – тәуелсіз директор;

5) Құсайынов Айдархан Маратұлы – тәуелсіз директор;

6) Шманов Нұртас Нұрибекұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі, Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы).

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2008 жылғы 16 шілдедегі №396 бұйрығымен жоғарыда көрсетілген 2008 жылғы 23 сәуірдегі №228 бұйрықтың күші жойылды деп танылды.

Қоғам Жалғыз акционерінің 2008 жылғы 19 тамыздағы шешіміне («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №9/2008 хаттамасы) сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің жаңа құрамы 3 жыл өкілеттік мерзіммен мына құрамда сайланды:

1) Мақсат Бағытұлы Иденов - Директорлар кеңесінің төрағасы, акционер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың мүддесін білдіруші өкіл;

2) Данияр Әмірбайұлы Берлібаев - Директорлар кеңесінің мүшесі, акционер «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың мүддесін білдіруші өкіл;

3) Нұртас Нұрибекұлы Шманов - Директорлар кеңесінің мүшесі, Қоғамның бас директоры (Басқармасының төрағасы).

Дәниел Михалик - тәуелсіз директор;

Қадыр Қарқабатұлы Бәйкенов - тәуелсіз директор;

Қоғам Жалғыз акционерінің 2008 жылғы 24 қарашадағы шешіміне сәйкес («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №13/2008 хаттамасы) тәуелсіз директор Қадыр Қарқабатұлы Бәйкенов Қоғам Директорлар кеңесінің құрамынан шығарылды және Қоғам Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзіміне тәуелсіз директор етіп Мұстафа Хабиб сайланды.

Қоғам Жалғыз акционерінің 2008 жылғы 6 желтоқсандағы шешіміне сәйкес («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №14/2008 хаттамасы) басқа жұмысқа ауысуына байланысты Директорлар кеңесінің мүшесі Нұртас Нұрибекұлы Шмановтың өкілеттігі 2009 жылғы 5 қаңтардан бастап мерзімінен бұрын тоқтатылды және Нұрбол Сарыбайұлы Сұлтан 2009 жылғы 5 қаңтардан бастап жалпы Қоғамның Директорлар кеңесі үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қоғам Жалғыз акционерінің 2009 жылғы 16 қыркүйектегі шешіміне сәйкес («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №11/2009 хаттамасы) Директорлар кеңесінің мүшелері Мақсат Бағытұлы Иденовтің, Директорлар кеңесінің төрағасы және Данияр Әмірбайұлы Берлібаевтың өкілеттіктері мерзімінен бұрын тоқтатылды және жалпы Қоғамның Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге Жалғыз акционердің мүддесін білдірушілер ретінде Нұртас Нұрибекұлы Шманов және Арман Амангелдіұлы Дарбаев сайланды. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы болып Нұртас Нұрибекұлы Шманов сайланды.

12. Қоғамда алқалы атқарушы орган – басқарма.

1) басқарма мүшелерінің әрқайсысының, оның ішінде басқарма төрағасының тегі, аты, болған ретте - әкесінің аты, туған жылы;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың соңғы үш жылда және осы уақытта атқаратын, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, хронологиялық тәртіпте;

(осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша мәліметтер мына кестеде келтірілген)

Т.А.Ә.	Туған жылы	Соңғы үш жылда және осы кезде атқарған, оның ішінде – қоса атқарған қызметі, өкілеттігін көрсете отырып, хронологиялық тәртіпте
Басқарма төрағасы		
Сұлтан Нұрбол Сарыбайұлы	30.04.1976 ж.	04.2006 ж. - 12. 2008 ж. – «Меридиан Капитал» ЖШС бас директоры; 01.2009 ж. – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы).
Басқарма мүшелері:		

Таубалдиев Талғат Сатыбайұлы	20.12.1962 ж.	03. 2006 ж. – 02. 2009 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Батыс филиалының директоры; 02. 2009 ж. – 04. 2009 ж. - «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының кеңесшісі, бас директордың бірінші орынбасары міндетін атқарушы; 04. 2009 ж. – 06. 2009 ж. - «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының бірінші орынбасары; 06. 2009 ж. - осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының орынбасары.
Нүсіпова Әсем Бекқызы	01.05.1975 ж.	01. 2007 ж. – 12. 2008 ж. – Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау вице-министрі; 12. 2008 ж. – 06. 2009 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары; 06. 2009 ж. – осы уақытқа дейін - «ҚазТрансОйл» АҚ экономика және қаржы жөніндегі басқарушы директоры.
Отаров Болат Исатайұлы	23.02.1966 ж.	03. 2006 ж. – 05. 2007 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ тасымалдау жөніндегі атқарушы директоры; 05. 2007 ж. – 06. 2009 ж. - «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының тасымалдау жөніндегі орынбасары; 06. 2009 ж. – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры.
Пирогов Алексей Георгиевич	26.03.1961 ж.	03. 2006 ж. – 02. 2009 ж. - «ҚазТрансОйл» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары; 02. 2009 ж. – 06. 2009 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ техникалық директоры; 06. 2009 ж. – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ өндіріс жөніндегі басқарушы директоры.
Сұлтанғалиева Жанна Орынбасарқызы	08.02.1959 ж.	08. 1998 ж. – осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ бас бухгалтері.
Исақов Жайдарман Әзімханұлы	29.10.1965 ж.	10. 2002 ж. - осы уақытқа дейін – «ҚазТрансОйл» АҚ заң департаментінің директоры.

3) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдарға тиесілі дауыс беруші акциялардың Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы:

Басқарма мүшелерінде Қоғамның акциялары жоқ. Пайыздық қатынасы - 0%;»;

2) 14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«14. Қоғамның ұйымдық құрылымы.

1) Қоғамның құрылымдық бөлімшелері;



2) Қоғам қызметкерлерінің жалпы саны, оның ішінде Қоғам филиалдары мен өкілдіктерінің қызметкерлері – 7 961 адам;

3) Қоғам акцияларын иеленген Қоғам қызметкерлерінің жалпы саны және олардың орналастырылған акциялардың жалпы санынан жиынтық үлесі, пайызбен:

Қоғам қызметкерлері Қоғам акцияларына иелік етпейді.

4) Қоғам бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер (тегі, аты, болған ретте - әкесінің аты, туған жылы);

5) филиалдар мен өкілдіктер басшылары туралы мәліметтер (тегі, аты, болған ретте - әкесінің аты, туған жылы).

(осы тармақтың 1), 4) және 5) тармақшалары бойынша мәліметтер мына кестеде келтірілген)

N p/c	Қоғам құрылымдық бөлімшелерінің, оның ішінде Қоғам филиалдары мен өкілдіктерінің атауы	Қоғам құрылымдық бөлімшелерінің, оның ішінде филиалдары мен өкілдіктері басшыларының Т.А.Ә.	Туған күні және жылы
1.	Қызметшілерді басқару департаменті	Ақбергенов Серік Ишанбекұлы	27.11.1977 ж.
2.	Баспасөз қызметі	Самақова Раиса Байғазықызы	14.01.1955 ж.
3.	Кеңсе	Ақаева Шапағат Ақайқызы	16.10.1954 ж.
4.	Заң департаменті	Исақов Жайдарман Әзімханұлы	29.10.1965 ж.
5.	Тасымалдау департаменті	Меңдібаев Ерболат	12.11.1965 ж.
6.	Пайдалану департаменті	Арынов Сәбит Әбілдәұлы	29.06.1977 ж.
7.	Еңбек қорғау және өрт қауіпсіздігі департаменті	Әбішев Абай Айтбайұлы	17.04.1976 ж.
8.	Техникалық саясат департаменті	Ниетқалиев Әділбек Талғатұлы	24.11.1951 ж.
9.	Күрделі құрылыс және күрделі жөндеу департаменті	Сембин Дулат Егімбайұлы	19.07.1954 ж.
10.	Телекоммуникация департаменті	Жақсылықов Берік Серікбайұлы	16.07.1973 ж.
11.	Технологиялық үдерістерді басқарудың автоматтандырылған жүйесі және метрологиялық қамтамасыз ету департаменті	Попова Наталья Владимировна	24.10.1961 ж.
12.	Бас диспетчерлік басқарма	Көшербаев Көңілімшат Еділұлы	10.05.1966 ж.
13.	Тасымалдау логистикасы департаменті	Юрьева Татьяна Викторовна	23.05.1969 ж.
14.	Материалдық-техникалық жабдықтау департаменті	Сәлімов Нұртай Ысмайылұлы	25.04.1965 ж.
15.	Келісім-шарттар департаменті	Солтанбаев Еркебұлан Хасенұлы	18.04.1979 ж.
16.	Менеджмент ықпалдастырылған жүйесін басқару қызметі	Түйтебаева Айжан Салтанатқызы	01.01.1974 ж.
17.	Қазынашылық	Момбаева Маржан Жолдасқызы	14.12.1971 ж.

18.	Центральная бухгалтерия	Сұлтанғалиева Жанна Орынбасарқызы	08.02.1959 ж.
19.	Топтық даму және инвестициялық жобалар департаменті	Крылова Жанна Валентиновна	05.04.1974 ж.
20.	ҚЕХС есептілігін дайындау департаменті	Сармағамбетова Мадина Қайроллақызы	05.09.1971 ж.
21.	Тарифтік реттеу департаменті	Григорьева Светлана Петровна	23.02.1953 ж.
22.	Инжиниринг департаменті	Мұсағалиев Бақыт Зейноллаұлы	08.07.1967 ж.
23.	Жоспарлау және экономикалық талдау департаменті	Есенеев Мейрам Әлиәкпарұлы	30.04.1977 ж.
24.	Топтық меншікті және ақпаратты қорғауды қамтамасыз ету қызметі	Курамшин Ринат Равильұлы	09.03.1968 ж.
25.	Еңбекті ұйымдастыру және жалақы қызметі	Әбиев Қамбарбек Әбиұлы	20.11.1951 ж.
26.	Орталық аппараттың операторлық қызметтер көрсету қызметі	Табулевич Виталий Леонидович	20.04.1970 ж.
27.	Әкімшілік департаменті	Дүйсепаев Сержан Бекдәулетұлы	04.07.1971 ж.
28.	Қоғамның Батыс филиалы	Мамонов Фердинат Абдрахимович	09.11.1947 ж.
29.	Қоғамның Шығыс филиалы	Лұқпанов Жеңісбек Қожасұлы	07.05.1967 ж.
30.	«ҚазТрансОйл» АҚ ҰПЕО» филиалы	Шекімов Алшын Жаппасұлы	22.12.1973 ж.
31.	«ҚазТрансОйл» АҚ ФТО» филиалы	Алдияров Тимур Құбайысұлы	29.05.1952 ж.
32.	Қоғамның Мәскеу қаласындағы өкілдігі	Долгих Сергей Николаевич	27.04.1956 ж.
33.	Қоғамның Самара қаласындағы өкілдігі	Куватова Елена Петровна	15.07.1957 ж.
34.	Қоғамның Омбы қаласындағы өкілдігі	Микулик Виталий Павлович	01.01. 1947 ж.
29.	Қоғамның Киев қаласындағы өкілдігі	Жұмағұлов Ғабит Қуантқанұлы	08.03.1974 ж.

»;

3) 17-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Қоғам қатынасатын өнеркәсіптік, банкілік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, ассоциациялар, консорциумдар туралы ақпарат.

Қоғам «Қазақстан Халық банкі» АҚ еншілес ұйымы «Қазақстан Халық банкі халықтық зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының орналастырылған акцияларының 0,908 пайызына ие. Қысқаша атауы – «Қазақстан Халық банкі халықтық зейнетақы қоры» АҚ. Орналасқан жері: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Желтоқсан к., 96/98 үй.

Қоғам «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығына қатысады. Орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы, Қабанбай батыр даңғылы, 22, В-16.».

3. Акциялар шығару анықтамалығының 7-бөлімі 35-тармағының соңғы азатжолы мынадай редакцияда жазылсын:

«Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19-үй, С0425 бөлме, топтық даму және инвестициялық жобалар департаменті.».


Бас директор  
(Басқарма төрағасы)  
міндетін атқарушы



Ә. Нүсіпова

Бас бухгалтер

Ж. Сұлтанғалиева



**«ҚазТрансОйл» АҚ**  
**акцияларды сатып алған кезде**  
**олардың құнын белгілеу әдістемесі**

1. Осы әдістеме Қоғам акцияларды сатып алған кезде «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі – Заң) талаптарына және «ҚазТрансОйл» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Жарғысына сәйкес Қоғам акцияларының құнын айқындау үшін әзірленді.

2. Осы әдістеме Қоғам Заңда белгіленген жағдайларда орналастырылған акцияларды сатып алған кезде қолданылады.

3. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуының тәртібі мен шектеулері Заңға сәйкес айқындалады.

4. Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын айқындаудың мынадай әдістері белгіленсін:

- 1) тиісті лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушы айқындалған құн;
- 2) халықаралық қаржылық есеп беру стандарттарына (бұдан әрі - ХҚЕС) сәйкес айқындалған баланстық құн;
- 3) экономикалық қосылған құнды капиталдандыру көрсеткіштерін қолдану арқылы айқындалған құн;
- 4) дисконтталған ақша ағындары әдісімен айқындалған құн.

5. Тиісті лицензиясы бар тәуелсіз бағалаушы белгілеген акциялардың құнын есептеу Қоғамның акцияларының құны туралы есеп түрінде рәсімделеді.

Қоғам акцияларының құны туралы есеп беру күні Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның акцияларды сатып алуы туралы шешім қабылдаған күніне дейін 30 күнтізбелік күннен ерте болмауы керек.

6. ХҚЕС сәйкес белгіленген акциялардың баланстық құнын есептеу былайша жүргізіледі:

$$S = E / Q,$$

мұнда

S – бір акцияның құны

E - өзіндік капиталдың баланстық құны

Q – орналастырылған акциялардың жалпы саны.

Есептеу үшін Қоғамның Директорлар кеңесі акцияларды сатып алу туралы шешімді қабылдаған алдындағы соңғы есепті күніндегі (жылдағы, тоқсандағы, айдағы) бухгалтерлік баланстың деректері қолданылады.

(Құдайбергалиев)

(Құсаев)

7. Экономикалық қосылған құнды капиталдандыру көрсеткіштерін қолдану арқылы айқындалған акцияның құнын есептеу былайша жүргізіледі:

$$S = (ACE + EVA / WACC - L) / Q,$$

мұнда

S - бір акцияның құны

ACE - бір кезеңде жұмсалатын орташа капиталы

EVA – экономикалық қосылған құн

WACC – капиталдың орташа алынған құны

L – бір кезеңдегі орташа қаржы міндеттемелері

Q - орналастырылған акциялардың жалпы саны

7.1 ACE көрсеткішін есептеу әдістемесі

$$7.1.1. ACE = \frac{CE_{\text{кезең басында}} + CE_{\text{кезең аяғында}}}{2}$$

7.1.2 CE (жұмсалатын капитал) = Активтер – Қысқа мерзімді пайызсыз міндеттемелер – Ұзақ мерзімді пайызсыз міндеттемелер – азшылық үлесі

7.1.3 Салықтық қорғау = сыйақы төлемінің шығындары \* T

7.1.4 T – корпоративтік табыс салығының ставкасы

7.1.5 ROACE – бір кезеңге жұмсалған орташа капиталдың рентабелдігі

$$ROACE = \frac{NOPAT}{ACE}$$

7.1.6 NOPAT = EBIT - Түзетілген салықтар

7.1.7 EBIT = Сатудан түскен табыс - Өзіндік құны - Кезеңдегі шығындар + Негізгі емес қызметінен табыс + Пайыз бойынша шығындар – Азшылық үлесі

7.1.8 Түзетілген салықтар = Корпоративтік табыс салығы бойынша шығындар + Салықтық қорғау

7.2 WACC көрсеткішін есептеу әдістемесі

$$7.2.1. WACC = K_e * \left( \frac{E}{E+D} \right) + K_d * (1 - T) * \left( \frac{D}{E+D} \right)$$

7.2.2 E = (кезең басындағы өзіндік капитал + кезең аяғындағы өзіндік капитал) / 2

7.2.3 D = (кезең басындағы d + кезең аяғындағы d) / 2

7.2.4 d = Активтер - Пайызсыз міндеттемелер - Өзіндік капитал

$$7.2.5. K_d = \frac{i}{D} \text{ - қарыз капиталының құны}$$

7.2.6  $i$  = негізгі құралдардың құнына жатқызылған пайыз бойынша капиталдандырылған шығындарын қоса, бір кезеңге сыйақы төлеу шығындары

$$7.2.7 k_e = RfR + \beta * (R_m - RfR) + CRP \text{ өзіндік капиталдың құны}$$

7.2.8 RfR (тәуекелсіз ставка) = Америка Құрама Штаттарының 10 жылдық қазынашылық облигациялары бойынша орта жылдық тиімді табыстылық

7.2.9  $R_m$  - тұтастай алғанда АҚШ акциялар рыногінің ұзақ мерзімді табыстылығы

7.2.10 CRP – Қазақстан Республикасы елдік тәуекелдері үшін үстемеақы

7.2.11 CRP = MEUKAM – RfR (егер CRP 0 –ден төмен болса, онда CRP 0-ге тең болады)

7.2.12 MEUKAM = 5 жылдан астам айналым мерзімімен, теңгеде көрсетілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелері бойынша орта жылдық тиімді табыстылық

7.2.13 5 жылдан астам айналым мерзімімен Қазақстан Республикасының ұзақ мерзімді қазынашылық міндеттемелері айналымда болмаған жағдайда, CRP былайша есептеледі:

7.2.14  $CRP = Rate - RfR + Notes_{kz} - Notes_{Us}$  (егер CRP 0-ден төмен болса, онда CRP 0-ге тең болады)

7.2.14.1 Rate = Standard and Poor's рейтинг агенттігінің бағалауы бойынша Қазақстан Республикасының рейтингіне ұқсас рейтингтері бар мемлекеттердің, АҚШ долларында көрсетілген еуро облигациялары бойынша орта жылдық тиімді табыстылық

7.2.14.2  $Notes_{kz}$  - Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісінің қысқа мерзімді ноталары бойынша 1 жыл айналым мерзімімен теңгеде көрсетілген орта жылдық тиімді табыстылық .

7.2.14.3  $Notes_{Us}$  - Америка Құрама Штаттарының Қазынашылық ноталары бойынша 1 жыл айналым мерзімімен, АҚШ долларында көрсетілген орта жылдық тиімді табыстылық .

7.3  $\beta$  көрсеткішін есептеу әдістемесі

$$7.3.1. \beta = \beta_{орташа} * (1 + (1-T) * \frac{D}{E})$$

$$7.3.2. \beta_{орташа} = \frac{1}{n} \sum_{i=1}^n \beta_i^u$$

7.3.3  $n$  – ұқсас - компаниялар саны (ұқсас - компаниялар саны 5-тен кем болмау керек)

$$7.3.4. \beta_i^u = \frac{\beta_i}{(1 + (1 - T_i) * \frac{D_i}{E_i})}$$

7.3.5  $B_i$  = ұқсас- компанияның бетасы

$$\text{Cov}(r_i, r_m)$$

$$7.3.6 B_i = \frac{\text{Cov}(r_i, r_m)}{\text{Var}(r_m)}$$

7.3.7  $r_i$  - ұқсас- компания акцияларының табыстылығы

7.3.8  $r_m$  – тұтастай алғанда акциялар рыногының табыстылығы

7.3.9  $T_i$  – ұқсас- компания салығының тиімді ставкасы

7.3.10 ұқсас- компаниялар мынадай өлшемдер бойынша таңдалады:

7.3.10.1 ұқсас- компаниялар Қоғаммен бірге бір салада болу керек

7.3.10. Қоғаммен салыстырғанда ұқсас –компаниялардың табыс мөлшері 10 мәртеден аспау керек.

7.3.11 Көп салалы компаниялар үшін ұқсас-компаниялардың қажет саны болмаған жағдайда компания салалар бойынша сегменттерге бөлінеді, олардың әрқайсысы үшін ұқсас-компания таңдалады

$$7.3.11.1 \text{ Жалпы } \beta = \frac{1}{S} * \sum \beta_a * S_a$$

7.3.11.2  $S$  = қоғамның түсімнің барлығы

7.3.11.3  $S_a$  = компанияның сегментінен түсім

7.3.11.4  $\beta_a$  = бета сегмент

7.4 EVA көрсеткішін есептеу әдістемесі

$$7.4.1. EVA = (ROACE - WACC) * ACE$$

7.5 EVA, ROACE көрсеткіштерін есептеу үшін ақпарат көздері.

7.5.1 Шоғырландырылған қаржы есеп – EVA, ROACE көрсеткіштерінің нақты мәнін есептеу үшін ақпарат көзі болып табылады

7.5.2 Болжамды қаржылық есеп, бизнес-жоспар, қаржылық-экономикалық модель және басқасы – EVA, ROACE көрсеткіштерінің болжамды мәндерін есептеу үшін ақпарат көзі болып табылады.

7.6 WACC көрсеткішін есептеу үшін ақпарат көздері

7.6.1 Шоғырландырылған қаржы есептілік  $E$ ,  $D$  и  $K_d$  есептеу үшін ақпарат көзі болып табылады.



7.6.2  $R_m, \beta_i$  есептеу үшін ақпарат көзі:

7.6.2.1 Bloomberg ([www.bloomberg.com](http://www.bloomberg.com)) ақпараттық агенттігі – Markets бөлігі – Stocks (beta, debt to equity ratio) бөлімше,

7.6.2.2 Reuters ([www.reuters.com](http://www.reuters.com)) ақпараттық агенттігі –Investing бөлігі, Stocks (beta, debt to equity ratio, historical market return) бөлімше,

7.6.2.3. Ibbotson ([www.ibbotson.com](http://www.ibbotson.com)) ақпараттық агенттігі –Stock бөлігі, Bonds, Bills and Inflation, Ibbotson Beta Book бөлігі, Cost of Capital Yearbook (beta, unlevered beta, equity risk premium, historical market return) бөлігі болып табылады.

7.6.3 RfR есептеу үшін Америка Құрама Штаттарының Қазынашылығы [www.ustreas.gov](http://www.ustreas.gov)) –Interest Rate Statistics бөлігі –Daily Treasury Yield Curves (daily 10-year treasury yield) бөлімше ақпарат көзі болып табылады.

7.6.4 CRP есептеу үшін ақпарат көздері:

7.6.4.1 Standard and Poor's ([www.sandp.ru](http://www.sandp.ru)) рейтинг агенттігі – «Кредиттік рейтинг тізімі» (credit rating) бөлігі,

7.6.4.2 Америка Құрама Штаттарының қазынашылығы ([www.ustreas.gov](http://www.ustreas.gov))

Interest Rate Statistics бөлігі – Daily Treasury Yield Curves (daily 10-year treasury yield) тарауы,

7.6.4.3 Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі ([www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)) – «Статистика» бөлігі - «Мемлекеттік бағалы қағаздар нарығы» (МЕУКАМ тиімді табыстылығы) тарауы.

8. Дисконтталған ақша ағыны әдісімен айқындалған құнды есептеу былайша жүргізіледі:

$$S = NPV / Q,$$

мұнда

S – бір акцияның құны

NPV – ақша ағындарының таза келтірілген құны

Q – орналастырылған акциялардың жалпы саны.

8.1 NPV есептеу әдістемесі:

$$NPV = \sum_{i=1}^{10} \frac{FCF_i}{(1+WACC)^i} + \frac{FCF_{10} * (1+k)}{(WACC-k) * (1+WACC)^{10}}$$

мұнда

$FCF_i$  = болашақ i-ші жылдағы операциялық ақша ағыны + болашақ i-ші жылдағы инвестициялық ақша ағыны

WACC – капиталдың орташа алынған құны

k – ұлғаю ставкасы

9. Қоғам акцияларды сатып алған кезде олардың құнын есептеу үшін Қоғамның Директорлар кеңесі Қоғамның акцияларын сатып алу туралы шешім қабылдаған күннің алдындағы, соңғы есепті жылғы бухгалтерлік баланстың деректері пайдаланады.



10. Барынша Жалғыз акционердің - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мүддесіне жауап беретін, Қоғамның акциялары сатып алынатын Қоғам акцияларының құны туралы шешім қабылдау үшін Қоғам Басқармасы Қоғамның Директорлар кеңесіне осы Әдістеменің 4-тармағының 1-4) тармақшаларында көрсетілген төрт әдісіне сәйкес жүргізілген Қоғам акцияларының құнын есептеу қорытындылары туралы ақпаратты береді.

11. Осы Әдістемеде реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.


A handwritten signature in black ink, consisting of several fluid, connected strokes, located at the bottom left of the page.

Пронумеровано и пронумеровано  
И.о. генерального директора  
(председателя Правления)

Нусупова А.Б.

Главный бухгалтер

Султангалиева Ж.О.



“Қазақстан Республикасының  
нарығын және қаржы  
реттеу мен қадағалау

ТІРКЕДІ

20 ж.

З.Мамыр

**Акциялар шығару анықтамалығын  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
2004 жылғы 13 қыркүйекте тіркеген**

**«ҚазТрансОйл» АҚ акциялар шығару анықтамалығына  
№2 өзгеріс**

Акциялар шығару анықтамалығының 2-белімі мынадай мазмұндағы 11-1-тармақпен толықтырылсын:

«11-1. Қоғам Директорлар кеңесінің 2010 жылғы 24 маусымдағы шешіміне (отырыстың №8/2010 хаттамасы) сәйкес Қоғам Директорлар кеңесінің жанынан құрылды:

1. Тағайындаулар жөніндегі комитет, оның құзыретіне мына мәселелер кіреді:

1) тәуелсіз директорлыққа, Басқарма құрамына, Топтық хатшы лауазымына және Қоғамдағы өзге де лауазымдарға үміткерлерге біліктілік талаптарын дайындау, Қоғамның ішкі құжаттары ережелеріне сәйкес Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асыратын тағайындау немесе тағайындауды келісу;

2) тағайындауды Қоғамның Директорлар кеңесі жүзеге асыратын тәуелсіз директорлыққа, Басқарма құрамына, Топтық хатшы лауазымына және өзге де лауазымдарға үміткерлер жөнінде ұсынымдар беру. Сайлау (тағайындау) жөнінде шешімдер қабылдау Жалғыз акционердің құзыретіне жатқызылған лауазымдарға үміткерлерді Тағайындаулар жөніндегі комитет Қоғамның ішкі құжаттарының тиісті ережелері негізінде қарайды;

3) Директорлар кеңесіне Тағайындаулар жөніндегі комитеттің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну;

4) Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Қоғамның ішкі құжаттары ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру.

2. Сыйақылар жөніндегі комитет, құзыретіне мына мәселелер кіреді:

1) Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне, Топтық хатшыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де қызметкерлерге сыйақы беру саясаты және оның құрылымы жөніндегі ұсыныстар;

2) Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне, Топтық хатшыға және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес өзге де қызметкерлерге жыл сайынғы негізде дербес сыйақыны анықтау жөніндегі ұсыныстар;

3) Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне, Топтық хатшыға және тағайындауды немесе тағайындауды келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғамның өзге де қызметкерлеріне сыйақы мөлшерін өзгерту жөнінде Директорлар кеңесіне ұсыныстар енгізу;

4) Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғамның қызметкерлер санатына жыл қорытындылары бойынша сыйақы төлеу туралы мәселені қарау;

5) Қоғамның еншілес және бірлескен-бақылаудағы ұйымдары Директорлар кеңесі және Басқармасы (дара атқарушы орган) мүшелеріне сыйақы төлеу жөніндегі ережені қарау әрі тиісті ұсыныстарды және ескертпелерді енгізу;

6) Директорлар кеңесінің мүшелеріне және Басқарма мүшелеріне көрсетілген адамдардың екілеттігі мерзімінен бұрын доғарылған жағдайда төленетін соманы оңтайлау жөніндегі шараларды әзірлеу;


7) қазақстандық және шетелдік қызмет ауқымы мен түрі тақылеттес компанияларда Директорлар кеңесінің мүшелеріне, Басқарма мүшелеріне, Топтық хатшыға, тағайындауды немесе тағайындауды келісуді Директорлар кеңесі жүзеге асыратын Қоғамның өзге де қызметкерлеріне сыйақы деңгейіне және саясатына салыстырма талдау жасау және Директорлар кеңесін хабардар ету;

8) Директорлар кеңесіне Сыйақылар жөніндегі комитеттің жұмысы туралы жыл сайынғы есепті ұсыну;

9) Директорлар кеңесінің тапсырмаларына және/немесе Қоғамның ішкі құжаттары ережелеріне сәйкес өз құзыреті шегінде өзге де мәселелер бойынша Директорлар кеңесіне ұсыныстар беру.».

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)**


**Бас бухгалтер  
міндетін атқарушы**



**Н. Сұлтан**

**С. Бирулина**

Генеральный директор  
(председатель Правления)  
А. А. Султан



И.о. главного бухгалтера  
И. А. Брилина

Республика Казахстан  
г. Алматы  
2010 г. 15 января





И.о. генерального директора  
(Председателя Правления)  
Т. Таубалдиев

Листа (02)

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
бақылау мен қадағалау комитеті»

ТІРКЕДІ

2011 ж. 23 мамыр »

*Сотқали*

Акциялар шығару анықтамалығын  
Қазақстан Республикасының қаржы  
нарығы мен қаржылық ұйымдарды  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
2004 жылғы 13 қыркүйекте тіркеген

**«ҚазТрансОйл» АҚ акцияларды шығару анықтамалығында  
№ 4 өзгеріс**

1.Акцияларды шығару басылымының 2-бөлімнің 12-тармақшасында мына  
жол

«

Сұлтанғалиева Жанна Орынбасар қызы	08.02.1959 ж.	08.1998 - осы уақытқа дейін - «ҚазТрансОйл» АҚ бас бухгалтері.
---------------------------------------	---------------	---

»

2011 жылғы 1 шілдеден бастап алынып тасталсын.

Бас директор  
(Басқарма төрағасы)



Бас бухгалтер  
міндетін атқарушы

*[Handwritten signature]*  
*[Handwritten signature]*

Н. Сұлтан

А. Ахмедина





**Акциялар шығару анықтамалығын  
Қазақстан Республикасының  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
2004 жылғы 13 қыркүйекте тіркеген**

**«ҚазТрансОйл» АҚ акциялар шығару анықтамалығына  
№5 өзгерістер**

1. Акциялар шығару анықтамалығы 2-бөлімінің 11-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«11. Қоғамның директорлар кеңесі:

1) Қоғамның директорлар кеңесі төрағасының және мүшелерінің (тәуелсіз директорларды көрсете отырып) тегі, аты, болған ретте – әкесінің аты, туған жылы;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың соңғы үш жылда және қазіргі кезде атқаратын, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, хронологиялық тәртіпте;

(Осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша мәліметтер төменде берілген кестеде келтірілген)

Т.А.Ә.	Туған жылы	Соңғы үш жылда және қазіргі кезде атқаратын, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі, хронологиялық тәртіпте
<b>Директорлар кеңесінің төрағасы</b>		
Шманов Нұртас Нұрибекұлы – Жалғыз акционер мүдделерін білдіруші	24.12.1956 ж.	12.2007 ж. – 01.2009 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы); 01.2009 ж. – 06.2009 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры; 06.2009 ж. – қазіргі кезде – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау жөніндегі басқарушы директоры (Басқарма мүшесі); 09.2009 ж. – қазіргі кезде – «Қазтеңізкөлікфлот» ҰТКК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, Директорлар кеңесінің төрағасы; 19.05.2009 ж. – қазіргі кезде – «ККК-Р» ЖАҚ Директорлар кеңесінің мүшесі 08.2008 ж. – 01.2009 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 16.09.2009 ж. – 18.08.2011 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ

		Директорлар кеңесінің төрағасы; 8.09.2011 ж. – қазіргі кезде – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы
Директорлар кеңесінің мүшелері:		
Дарбаев Арман Амангелдіұлы – Жалғыз акционер мүдделерін білдіруші	04.08.1969 ж.	05.2006 ж. – 06.2009 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ атқарушы директоры; 06.2009 ж. – қазіргі кезде – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау жобалары жөніндегі басшы менеджері; 02.2010 ж. – қазіргі кезде – «Қазтеңізкөлікфлот» ҰТКК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 16.09.2009 ж. – 18.08.2011 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі; 8.09.2011 ж. – қазіргі кезде – «ҚазТрансОйл» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі
Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы	01.01.1953 ж.	08.2008 ж. – 06.2009 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ президенті (Басқарма төрағасы); 09.2008 ж. – 03.2010 ж. – «ҚазМұнайГаз» Барлау. Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; 06.2009 ж. – 5.10.2011 ж. - «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы; 10.10. 2011 ж. – қазіргі кезде «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы), Директорлар кеңесінің мүшесі
Дәниел Михалик – тәуелсіз директор	30.07.1953 ж.	2006 ж. – 2008 ж. – Мұнай құбыры қауымдастығында бас кеңесші, Вашингтон, АҚШ; 11.2010 ж. – 07.2011 ж. - «NADLoC» жергілікті қамтуды дамыту жөніндегі ұлттық агенттігі» АҚ тәуелсіз директоры; 19.08.2008 ж. – 18.08.2011 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры; 08.2008 ж. – қазіргі кезде – «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры
Мұстафа Хабиб –	10.12.1944 ж.	2007 ж. – 2008 ж. – AGIP KCO (Kashagan Project)

Тәуелсіз директор		кеңесшісі; 24.11.2008 ж. – 18.08.2011 ж. – «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры; 8.09.2011 ж. – қазіргі кезде «ҚазТрансОйл» АҚ тәуелсіз директоры
-------------------	--	--

3) Директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі дауыс беруші акциялардың Қоғамның дауыс беруші акцияларының жалпы санына пайыздық қатынасы:

Директорлар кеңесі мүшелерінде Қоғамның акциялары жоқ. Пайыздық қатынасы – 0%;

4) еншілес және тәуелді ұйымдардағы Директорлар кеңесі мүшелеріне тиесілі акциялардың (жарғылық капиталындағы үлестің) осы ұйымдар орналастырған акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестің) жалпы санына пайыздық қатынасы:

Қоғам директорлар кеңесі мүшелерінің еншілес және тәуелді ұйымдарда акциялары (жарғылық капиталдағы үлесі) жоқ. Пайыздық қатынасы – 0%;

5) өткен екі жыл ішінде Қоғам Директорлар кеңесі құрамындағы өзгерістер және көрсетілген өзгерістердің себептері:

Қоғам Жалғыз акционерінің 2008 жылғы 6 желтоқсандағы шешімімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №14/2008 хаттамасы) басқа жұмысқа ауысуына байланысты 2009 жылғы 5 қаңтардан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі Нұртас Нұрибекұлы Шмановтың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және 2009 жылғы 5 қаңтардан бастап Нұрбол Сарыбайұлы Сұлтан тұтасымен Қоғам Директорлар кеңесі үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.

Қоғам Жалғыз акционерінің 2009 жылғы 16 қыркүйектегі шешіміне («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №11/2009 хаттамасы) сай Директорлар кеңесінің мүшелері, Директорлар кеңесінің төрағасы Мақсат Бағытұлы Иденовтің және Данияр Әмірбайұлы Берлібаевтің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және Жалғыз акционер мүдделерін білдіруші ретінде тұтасымен Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейінгі мерзімге Нұртас Нұрибекұлы Шманов және Арман Амангелдіұлы Дәрібаев сайланды. Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы болып Нұртас Нұрибекұлы Шманов сайланды.

Қоғам Жалғыз акционерінің шешімімен («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының 2011 жылғы 8 қыркүйектегі №127 хаттамасы) 2011 жылы 19 тамызда Қоғам Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі аяқталуына байланысты мына құрамда 3 жыл өкілеттік мерзімімен 5 адам мөлшерінде Қоғамның жаңа Директорлар кеңесі сайланды:

1) Нұртас Нұрибекұлы Шманов – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау жөніндегі басқарушы директор, Жалғыз акционердің мүдделерін білдіруші;

2) Арман Амангелдіұлы Дарбаев – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай тасымалдау жобалары жөніндегі басшы менеджері, Жалғыз акционердің мүдделерін білдіруші;

3) Нұрбол Сарыбайұлы Сұлтан – Қоғамның бас директоры (Басқарма төрағасы);

4) Хабиб Мұстафа – тәуелсіз директор;

5) Михалик Дэниел – тәуелсіз директор.

Қоғам Директорлар кеңесінің төрағасы болып Нұртас Нұрибекұлы Шманов сайланды.

Қоғам Жалғыз акционерінің 2011 жылғы 12 қазандағы шешіміне («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің №136 хаттамасы) сай 2011 жылғы 10 қазаннан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі Нұрбол Сарыбайұлы Сұлтанның өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылды және 2011 жылғы 10 қазаннан бастап Қайыргелді Мақсұтұлы Қабылдин тұтасымен Қоғам Директорлар кеңесі үшін белгіленген өкілеттік мерзіміне Қоғам Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды.».

2. Акциялар шығару анықтамалығы 2-бөлімінің 12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«12. Қоғамда алқалы атқарушы орган – Басқарма.

1) Басқарма мүшелерінің әрқайсысының, – оның ішінде Басқарма төрағасының тегі, аты, болған ретте - әкесінің аты, туған жылы;

2) осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген адамдардың соңғы үш жылда және осы уақытта атқаратын, оның ішінде – қоса атқаратын қызметі өкілеттігі және олардың қызметке кіріскен күні көрсетіле отырып, хронологиялық тәртіпте.

(осы тармақтың 1) және 2) тармақшалары бойынша мәліметтер мына кестеде келтірілген)

Т.А.Ә.	Туған жылы	Соңғы үш жылда және осы уақытта атқарған, оның ішінде – қоса атқарған қызметі, өкілеттігін және олардың қызметке кіріскен күнін көрсете отырып, хронологиялық тәртіпте
Басқарма төрағасы		
Қабылдин Қайыргелді Мақсұтұлы–	01.01.1953 ж.	08.2008 ж. – 06.2009 ж. – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ президенті (Басқарма төрағасы); 09.2008 ж. – 03.2010 ж. – «ҚазМұнайГаз» Барлау. Өндіру» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы; 06.2009 ж. – 5.10.2011 ж. - ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасы; 10.10. 2011 ж. – қазіргі кезде «ҚазТрансОйл» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы), Директорлар кеңесінің мүшесі Басқарма төрағасының өкілеттігі: Жарғыға сәйкес Қоғам қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады және Директорлар кеңесінің әрі Жалғыз акционердің алдында Қоғамның жұмысы үшін жауапты болады, Қоғам Басқармасын басқарады, сондай-ақ Қоғам акционері (қатысушысы) болып табылатын заңды тұлғаларға қатысты Қоғамның акционер (қатысушы) құқығын жүзеге асыру тәртібін айқындайды; Қоғамның стратегиялық дамуы мәселелері; Қоғамдағы топтық басқару мәселелері; халықаралық ынтымақтастық және инвестициялар тарту мәселелері;

		Қоғамның сапа, еңбек қауіпсіздігі және қорғау, экология саласындағы жұмысына жалпы басшылық
<b>Басқарма мүшелері:</b>		

№	Заңды тұлғаның толық атауы және орналасқан жері	Қоғамға тиесілі акциялардың (жарғылық капиталдағы үлестің) ұйымның орналастырылған	Қызмет түрі	Қоғамның ұйымның жарғылық капиталында он және одан да көп пайыз үлесіне ие болған күні	Бірінші басшы туралы ақпарат
---	---	--	-------------	--	------------------------------

		акциялары- ның жалпы санына пайыздық ара қатынасы, %			
1	«МұнайТас» солтүстік- батыс құбыр компаниясы» акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 29д үй	51%	Мұнай тасымалдау	28.07.2004 ж.	Бас директор Хасен Жұмағалиұлы Солтанбаев
2	«Қазақстан - Қытай құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктістігі Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Абай к-сі, 109 В	50%	Мұнай тасымалдау	10.08.2004 ж.	Бас директор (Басқарма төрағасы) Го И
3	«ҚазТрансОйл- Сервис» акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Ғабдуллин к-сі, 2	100%	Медицина, спорт, туризм, шипажай- курорттық емдеу салапарын- да қызметтер көрсету, сондай-ақ қонақ үй, өкілдік және сервистік қызмет	21.10.2003 ж.	Бас директор (Басқарма төрағасы) Ержан Көкенайұлы Ақтанов
4	«Batumi Industrial Holdings Limited» (Кипр) 134, Makariou Avenue III, Yiota Court, 2nd Floor, Office 201/202/203,	100%*	Мұнай және мұнай өнімдерін экспедиция- лау, ауыстырып тиеу және сақтау, Батуми қаласындағы	05.02.2008 ж.	Компания директорлары: 1.Болат Қалауияұлы Зекіров 2.Болат Исатайұлы Отаров 3.Азиз Тоқшылықұлы

	3021 Limassol, Cyprus		теңіз кемежайын және мұнай қю терминалын пайдалану		Илеуов 4.AMK NOMINEES LIMITED 5.A.M.K TRUSTEE SERVICES LIMITED M. KYPRIANOU FIDUCIARIES (CYPRUS) LIMITED
5	«Batumi Capital Partners Limited» (Кипр) Theklas Lyssiotti, 35, Eagle Star House, 6-th floor, PC 3030 Limassol, Cyprus	50%*	Мұнай өнімдерін экспедиция- лау, ауыстырып тиеу және сақтау	11.01.2007 ж.	Компания директорлары: 1. Болат Қалауияұлы Зәкіров 2. A.M.K TRUSTEE SERVICES LIMITED

\*«Batumi Industrial Holdings Limited» Ltd. (Кипр) және «Batumi Capital Partners Limited» (Кипр) негізгі қызметтерін Грузияда орналасқан еншілес кәсіпорындар жүзеге асырады.

«Batumi Industrial Holdings Limited» (Кипр) компаниясы «Batumi Capital Partners Limited» (Кипр) компаниясы акцияларының 50%-ын тікелей иеленеді.

Сәйкесінше, Қоғам еншілес кәсіпорны – «Batumi Industrial Holdings Limited» (Кипр) компаниясы арқылы «Batumi Capital Partners Limited» (Кипр) компаниясы акцияларының 100%-ын тікелей және жанама иеленеді.»

8. Акциялар шығару анықтамалығы 2-бөлімінің 17-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«17. Қоғам қатынасатын өнеркәсіптік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

Осы тармақта көрсетілген ұйымдардың толық және қысқартылған атауы, орналасқан жері көрсетілуі тиіс.

Қоғам «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдары қауымдастығының мүшесі болып табылады:

Толық атауы: «KAZENERGY» Қазақстан мұнай-газ және энергетика кешені ұйымдарының қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігі.

Қысқартылған атауы: жоқ.

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 19, В-15.».

9. Акциялар шығару анықтамалығы 3-бөлімінің 22-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«22. Қоғамның өз өнімдерін (жұмыстарды, қызметтерді) сатуды ұйымдастыру жөніндегі қызметі.

Осы тармақта қоғамның өндіретін немесе тұтынатын тауарларының (жұмыстарының, қызметтерінің) жалпы құнының бес және одан көп пайызын



құрайтын көлемде оның тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылары мен жеткізушілері туралы мәліметтерді көрсету қажет.

Қоғамның тұтынатын тауарларының (жұмыстарының, қызметтерінің) жалпы құнының бес және одан көп пайызын құрайтын көлемде оның тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) жеткізушілер туралы мәліметтер.

№	Жеткізушілер атауы	Орналасқан жері	Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) атауы	Жалпы жеткізу көлеміндегі үлесі, %
1	«АТК» жауапкершілігі шектеулі қоғамы	Ресей Федерациясы, 101000, Мәскеу қ., Мясницкая к-сі, 46 үй, 7-құр.	Магистральды құбырлар сатып алу	26
2	«Оргтрансінтергаз» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қазақстан Республикасы, 050051, Алматы қ., Достық даңғ., 89Г-үй	Магистральды құбырлар сатып алу	14
3	«Амангелді ГӨЗ» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қазақстан Республикасы, 050050, Алматы қ., Абылай хан даңғ., 3-үй	Жанар-жағармай материалдарын сатып алу	9

Қоғамның өндіретін тауарларының (жұмыстарының, қызметтерінің) жалпы құнының бес және одан көп пайызын құрайтын көлемде оның тауарларын (жұмыстарын, қызметтерін) тұтынушылар туралы мәліметтер.

№	Тұтынушылар атауы	Орналасқан жері	Тауарлар (жұмыстар, қызметтер) атауы	Жалпы тұтыну көлеміндегі үлесі, %
1	«Маңғыстаумұнай-газ» акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасы, 130000, Актау қ., 6-шағын аудан, №1 ғимарат	Шикі мұнай тасымалдау	25
2	«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Қабанбай батыр даңғ., 17-үй	Шикі мұнай тасымалдау	16
3	«СНПС-Ақтөбемұнайгаз» акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасы, 030000, Ақтөбе қ., Некрасов к-сі, 158-үй	Шикі мұнай тасымалдау	13
4	«ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» акционерлік қоғамы	Қазақстан Республикасы, 120014, Қызылорда қ., Қазыбек би к-сі, 13-үй	Шикі мұнай тасымалдау	8

5	«Қазгермұнай» БК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	Қазақстан Республикасы, 120018, Қызылорда қ., Тасбөгет к., Амангелді к-сі, 100-үй	Шикі мұнай тасымалдау	7
---	--	---	-----------------------	---

».

10. Акциялар шығару анықтамалығының 3-бөлімі 23-тармағының 5-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«5) Тәуекел факторлары:

Акциялардың бағалы қағаздар ұйымдастырылған нарығындағы немесе биржадан тыс нарықтағы бағасына, сондай-ақ Қоғам акцияларының құнына әсер ететін нарықтағы қызметтер құнының өзгерісіне әсер ететін тәуекелдер.

Қор нарығындағы инвестициялар салынған қаражаттардың ысырабы және/немесе табысының төмендеуі тәуекелдерімен байланысты. Осыған байланысты, ықтимал инвесторлар тарапынан төменде келтірілген және Қоғам акцияларына салымдармен байланысты тәуекелдерді мұқият зерделеуі және бағалауы қажет.

Қоғамның акционерлік капиталының құнына әсер етуші факторлар шартты түрде: сыртқы (нарықтық) және ішкі (корпоративтік) факторлар болып бөлінеді.

Акция құнының өзгеруіне ықтимал әсер етуші тәуекелдің нарықтық факторларына жататындар:

Қор нарығы конъюктурасы (қазақстандық та және әлемдік те), Қоғамның бағалы қағаздары бойынша қанағаттандырылған сұраныс пен ұсыныстың жеткілікті деңгейі бар өтімді нарықтың болуы.

Халықаралық қаржылық және шикізат нарықтарының конъюктурасы, тұтас алғанда әлемдік экономиканың және Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқыны мен болжамдары. Әлемдік экономикаға ықпалдастыру үдерісі әлемдік ауытқулардың Қазақстан Республикасының экономикасы мен қор нарығы жай-күйіне әсер етуіне алып келеді.

Мұнай өндіру және тасымалдау саласындағы жағдайлардың мүмкін болатын өзгерістері, сондай-ақ Қоғам қызметіне (ішкі және де сыртқы нарықтарда) байланысты құқықтық реттеу. Тәуекелдің осы түрінің кері әсері Қоғамның магистральды құбырлары арқылы тасымалданатын мұнай көлемінің төмендеуі ықтималдығымен байланысты.

Әлемдегі, бірінші кезекте Каспий мұнайын экспорттаушы және импорттаушы елдердегі, Республика аумағымен өз мұнайын тасымалдаушы Қазақстанның серіктес-елдеріндегі саяси жағдайдың өзгеруі.

Жеке ықтимал инвесторлардың қалаулары, олардың инвестицияларға көзқарасы және портфельдерін әртараптандырудың түрлі деңгейлері де қор нарығындағы ахуалға және бәсекелестікке әрі Қоғам бағалы қағаздарының құнына әсер етеді.

Қоғам акциялары құнының өзгеруіне ықтимал әсер етуші тәуекелдің іргелі корпоративтік факторларына мыналар жатады:

Қазақстан Республикасының ресурстық базасындағы өзгерістер Қоғам қызметінің нәтижелері мен бағалы қағаздарының құнына елеулі әсер етуі мүмкін;

Қоғам қызметі қаржылық және операциялық нәтижелерінің болжамдық деректерден едәуір ауытқуы. Тәуекелдердің бұл санаты Қоғамның, оның еншілес және бірлескен бақылаудағы ұйымдары қызметтерінің жоспардан кері ауытқуы нәтижесінде қаржылық жағдайдың нашарлауы ықтималдығымен байланысты. Қоғамның бұл тәуекелді басқаруға және қаржылық жағдайына кері әсерінің деңгейін төмендетуге мүмкіндігі бар;

операциялық қуаттар жағдайының нашарлауы. Тәуекелдің бұл факторы өндірістік және қаржылық көрсеткіштерге әсер ететін Қоғамның өндірістік объектілері мен құбырлары жай-күйінің нашарлауы ықтималдығымен байланысты. Қоғам объектілерге мониторинг жасау және уақтылы техникалық қызмет көрсету жолымен тәуекелдің бұл түрін тұрақты түрде басқарып отырады;

корпоративтік басқару жүйесіндегі өзгерістер. Тәуекел Қоғам қызметін басқару және бақылау, акционерлердің құқықтары мен мүдделерін қорғау, ақпаратты ашып көрсетудің ашықтығы мен шынайылығы үдерістеріне ықпал етуші корпоративтік басқару саясатындағы әлеуетті өзгерістермен негізделген. Қоғам корпоративтік басқарудың халықаралық стандарттарын ұстанатындықтан және Қоғам акцияларының құнына әлеуетті оң әсер ететін - меншік иелерінің құқықтарын қорғау, қаржылық ақпараттың қолжетімділігі мен қызметтің ашықтығы мәселелеріне басым мән беретіндіктен, бұл тәуекелдің кері әсері аз.

Инфляция, девальвация және банктік пайыз мөлшерлемелерімен негізделген тәуекелдер:

инфляцияға негізделген тәуекел: елдегі инфляцияның өсуіне байланысты, бұл ретте нақты сатып алу қабілеттілігі тұрғысынан, алынатын ақшалай табыстар өсуге қарағанда, тез құнсызданады;

девальвациялық тәуекел: ұлттық немесе шетел валютасы бағамының Қоғамға жағымсыз өзгеруімен байланысты бағамдық ысырап тәуекелін білдіреді, бұл ұқсас валютада көрсетілген төлемдер мен түсімдер теңсіздігіне алып келеді;

пайыздық тәуекел: банктік займдар немесе депозиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің жағымсыз өзгеруімен байланысты тәуекелдер. Банктік пайыздардың жоғары мөлшерлемелері көрсетілетін қызметтердің қымбаттауына әкеліп соғады.

Өндірілетін өнімнің (көрсетілетін қызметтердің) бәсекеге қабілеттілігімен байланысты тәуекелдер.

Нарықта мейлінше жаңартылған, тармақталған құбыр жүйелері бар бәсекелес компаниялардың пайда болуы ықтимал тәуекел тудырады, ол мұнай өндіруші компаниялардың мұнай көлемдерін мұнай тасымалдау жүйелері Қоғамның бақылауынан тыс компанияларға қайта бағдарлауына әкеліп соғады. Бұл тәуекел айтарлықтай болып табылады.

Қоғам табиғи монополия субъектісі болып табылады. «Табиғи монополиялар және реттелетін нарықтар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес табиғи монополиялар субъектісінің реттелетін қызметтеріне тарифтер реттелетін қызметтер көрсету үшін қажетті шығындар құнынан төмен болмауы және субъектінің тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін пайда алу мүмкіндігін ескеруі қажет. Реттелетін қызметтерге тарифтерді уәкілетті орган – Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі бекітеді. Сонымен қатар осы Агенттік Қоғам пайдасының жол берілетін деңгейін реттейді.

Мұнай және газ өндіру саласының даму көрсеткіштері тұтас алғанда Қазақстан Республикасының экономикасы даму көрсеткіштерінің өсуін қамтамасыз етуші негізгі құраушысы болып табылады. Экспортқа мұнай тасымалдау көлемінің төмендеуі тәуекелі дәстүрлі жүк жөнелтушілердің мұнай өндіру және тапсыру көлемдерінің, әлемдік сұраныстың азаюына және әлем экономикасының дамуына тәуелді. Мұнай бағасы төмендесе және мұнайға әлемдік сұраныс төмендесе, Қоғам тасымалдайтын мұнай көлемі айтарлықтай төмендеуі мүмкін.

Елдегі саяси жағдайдың өзгеруіне және заңнаманың өзгеруіне байланысты тәуекелдер саяси құрылымның және мұнай мен мұнай өнімдерін өндіру және тасымалдау саласын реттеуші заңнамалық нормалардың өзгеруімен байланысты елдегі инвестициялық ахуалдың нашарлауы мүмкіндігімен негізделген. Қазақстан Республикасындағы саяси құрылымның тұрақтылығын, сонымен қатар жүргізіліп

отырған мемлекеттік саясаттың тиімділігін ескерсек, бұл тәуекел мардымсыз болып саналады.

Әлеуметтік факторларға байланысты тәуекелдер Қоғам қызметінің ерекшелігімен негізделген.

Қоғам тұрғындарға, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге және өнеркәсіптік кәсіпорындарға «Астрахань – Маңғыстау» магистральды құбырымен еділ суын беруді жүзеге асырады. Су беру қызметі табиғи монополия саласына жатқызылған. Осыған байланысты Қоғамның іркіліссіз су жеткізу бойынша міндеттемелері бар. Су берудің кез келген бұзылуы жағдайында сумен жабдықтауды қалпына келтіру үшін Қоғам тарапынан айтарлықтай қаржылық және басқа да қорлар талап етілуі мүмкін, сондай-ақ әлеуметтік толқулар туындау қаупі бар. Қоғам осы тәуекелдің әсер ету дәрежесін мүлікті залалдардан сақтандыру жолымен төмендетеді, сондай-ақ жыл сайын ізерлеу, техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарын жүргізеді, сонымен қатар аталған магистральды құбырға күрделі салымдарды жүзеге асырады.

Бұдан басқа Қоғам қызметі ықтимал қауіпті болып табылады және қызметкерлердің денсаулығы мен өміріне залал келтірумен байланысты мүмкін болатын тәуекелдер реттеп отыруға жатады. Қоғам еңбектің қолайлы қауіпсіз жағдайларын қамтамасыз ету мақсатында тұрақты негізде жұмысшыларды және инженерлік-техникалық қызметкерлерді аттестаттау жүргізеді, кәсіби даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру, қызметкерлердің денсаулығы мен өмірін сақтандыру жүргізіледі. Сонымен бірге әлеуметтік қамтамасыз етуге кететін шығындарды едәуір ұлғайту рентабельділік көрсеткіштерін түсіруі мүмкін.

Экологиялық тәуекелдер ғимараттар мен құбырлар құрылысын жүргізу мен пайдаланудағы Қоғам қызметінің ерекшелігіне байланысты. Бұл тәуекелдер жерлердің шамадан тыс алыну мен механикалық бұзылу мүмкіндігімен, су ағынын кесіп өту және жағалаудағы терминалдар құрылысы кезінде су ресурстарына әсер ету, қоршаған ортаны ластау мүмкіндіктерімен негізделген, бұл айыппұлдар мен өзге де әкімшілік жазаларға әкеліп соқтырады. Қоғам жұмыстарын қоршаған ортаны қорғау заңнамасының талаптарына қатаң сәйкестікте жүргізеді, тұрақты негізде маңызды экологиялық қырларының мониторингі мен бағалауын жүргізеді. Қоғам міндетті экологиялық сақтандыру және мүлікті залалдардан ерікті сақтандыру шарттарын жасайды.».

11. Акциялар шығару анықтамалығы 4-бөлімінің 24-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«24. Инвестициялар.

Басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар, сатып алынған күнін көрсете отырып, бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы мәліметтер, басқа инвестициялар ашылып көрсетіледі.

Қоғамның инвестициялық портфельді басқару, басқа ұйымдардың атауы мен орналасқан жерін көрсете отырып, олардың капиталына қатысуы жөніндегі стратегиясының қысқаша сипаттамасын келтіру қажет.

Басқа ұйымдардың капиталына ұзақ мерзімді инвестициялар туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның толық атауы және орналасқан жері	Басқа ұйымдардың капиталына қатысу үлесі, %	Инвестиция сомасы, мың теңге	Инвестиция сомасы, мың АҚШ доллары	Инвестицияның сатып алынған күні
1	«МұнайТас» солтүстік-батыс	51%	904 944	-	28.07.2004 ж.

	құбыр компаниясы» акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Сәтбаев к-сі, 29д үй				
2	«Қазақстан - Қытай құбыры» жауапкершілігі шектеулі серіктістігі Қазақстан Республикасы, 050008, Алматы қ., Абай даңғ., 109 В үй	50%	6 500 000	-	10.08.2004 ж.
3	«ҚазТрансОйл-Сервис» акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қ., Ғабдуллин к-сі, 2 үй	100%	5 269 746	-	21.10.2003 ж.
4	«Batumi Industrial Holdings Limited» (Кипр) 134, Makariou Avenue III, Yiota Court, 2nd Floor, Office 201/202/203, 3021 Limassol, Cyprus	100%	22 653 503	152 652	05.02.2008 ж.
5	«Batumi Capital Partners Limited» (Кипр) Theklas Lyssioti, 35, Eagle Star House, 6-th floor, PC 3030 Limassol, Cyprus	50%	5 555 361	37 435	11.01.2007 ж.

Сатып алынған күнін көрсете отырып, бағалы қағаздар портфелінің құрылымы туралы мәліметтер:

№	Заңды тұлғаның толық атауы және орналасқан жері	Жарғылық капиталдағы үлесі, %	Инвестиция сомасы, мың теңге	Бағалы қағаздардың сатып алынған күні
1	«Қазақстан Халық Банкі Жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасы 050000, Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 96/98-үй	0,8804%	99 920	28.04.1999 ж.

Басқа инвестициялар – депозит ашылған күннен бастап, 12 айдан астам мерзімге салынған мерзімдік салымдарды көрсетеді. Басқа инвестициялар сомасы 6 000 000 мың теңгені құрайды.

Қоғамның инвестициялық портфельді басқаруы, басқа ұйымдардың капиталына қатысуы жөніндегі стратегияның қысқаша сипаттамасы:

Инвестициялық портфельді басқару, өзге ұйымдардың капиталына қатысу бойынша Қоғам Стратегиясы өзіне мынадай негізгі қадамдарды қамтиды:

- Қоғамның қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлары негізінде қазіргі бар инвестициялық портфельі болашағын айқындау;

- инвестицияның тиісінше қажетті түрін көрсететін қаржы жоспарын құру;

- NPV және IRR көрсеткіштері негізінде дұрыс инвестициялық шешімдерді қабылдау мақсатында жобалардың инвестициялық тартымдылығын бағалау.

Осылайша, Қоғам портфельін басқару қаржылық жоспарлаумен тікелей байланысты.

Сонымен қатар, инвестициялық портфельді басқару стратегиясын таңдағанда, Қоғам мынадай міндеттерді орындауды басшылыққа алады:

- Қоғам тәуекелдерін басқару тиімділігін арттыру үшін мұнай тасымалдау саласындағы тәуекелдерді ертарандыру;

- Қызметтерге нарықтық сұранысқа сәйкес Қоғам құрылымын оңтайландыру;

- Инвестицияларға салымдар тиімділігі.

Қоғамның жоғарыда аталған міндеттерін басшылыққа ала отырып инвестициялар портфельін басқарудың теңгерілген-консервативті стратегиясы таңдалды, яғни портфель түрлі ағымдағы міндеттер нәтижесінде алынған заңды тұлғалардың жарғылық капиталына қатысу үлесін жинақтайды және жалпы оның мазмұны Қоғам ұстанатын мақсаттар теңгеріміне сәйкес келеді.»

12. Акциялар шығару анықтамалығы 4-бөлімінің 25-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«25-1. Активтер.

Осы тармақта құны қоғам активтері теңгерімдік құнының бес және одан астам пайызын құрайтын оның мүлкінің сипаттамасын көрсету қажет.

№	Мүлік сипаттамасы	Құны, мың теңге	Құны (5% және одан астам), %
1	Құбыр жүйелері	84 922 566	20
2	Технологиялық мұнай	58 853 972	14
3	Құрылыстар және ғимараттар	59 510 860	14
4	Машиналар және құрал-саймандар, табыстау қондырғылары	61 456 919	15

Сонымен қатар эмитент міндеттемелерінің қамтамасыз етуі болып табылатын, сондай-ақ әр активтің құнын және тиісті шарттардың қолданысы аяқталған күнін көрсете отырып сенімгерлік басқаруға берілген эмитент активтері туралы мәліметтер көрсетілу тиіс: жоқ.».

13. Акциялар шығару анықтамалығының 6-бөлімі 30-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) жарияланған акциялардың саны, түрлері:

Қоғамның жарияланған акцияларының саны 384 635 600\* (үш жүз сексен төрт миллион алты жүз отыз бес мың алты жүз) дана жай акцияларды құрайды.

\*Қоғам Жалғыз акционердің 2012 жылғы 5 маусымдағы шешіміне («ҚазМұнайГаз» ҰК) АҚ Басқармасы отырысының №58 хаттамасы) сәйкес жарияланған акциялардың жалпы санын мынадай жолмен ұлғайтты:

- 34 617 204 (отыз төрт миллион алты жүз он жеті мың екі жүз төрт) дана жарияланған жай акцияларды 1:10 қатынасымен бөлшектеу, нәтижеде Қоғамның жарияланған жай акцияларының саны 346 172 040 (үш жүз қырық алты миллион бір жүз жетпіс екі мың қырық) дананы құрады.

- жарияланған жай акциялардың санын 38 463 560 (отыз сегіз миллион төрт жүз алпыс үш мың бес жүз алпыс) данаға арттыру.».

14. Акциялар шығару анықтамалығы 6-бөлімінің 33-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«33. Акционерлік қоғамның тіркеушісі туралы мәлімет.

Тіркеушінің толық және қысқартылған атауы, оның орналасқан жері, байланыс телефоны, сондай-ақ бағалы қағаздар ұстаушысының тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға берілген лицензиясы (нөмірі, берілген күні, лицензияны берген орган) туралы деректер көрсетілсін.

Тіркеушімен жасалған шарттың күні мен нөмірі.

Толық атауы	«Қор орталығы» акционерлік қоғамы
Қысқартылған атауы	«Қор орталығы» АҚ
Орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, 050012, Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 79а үй
Байланыс телефондары	+7 (727) 250 65 18, 250 89 60, 250 89 61, Факс: +7 (727) 250 16 96
Бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімін жүргізу бойынша қызметтерді жүзеге асыру лицензиясы туралы мәліметтер	Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі берген 2005 жылғы 15 маусымдағы №0406200386 лицензия
Тіркеушімен жасалған шарттың күні мен нөмірі	1999 жылғы 2 тамыздағы № US349/99

».

15. Акциялар шығару анықтамалығы 6-бөлімінің 35-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«35. Инвесторлар үшін ақпарат.

Инвесторлардың Қоғам жарғысының көшірмесімен, акциялар шығару анықтамалығымен, осы құжаттарға өзгерістермен және толықтырулармен, акцияларды орналастыру қорытындылары туралы есеппен таныса алатын

жерлері туралы ақпарат, сондай-ақ Қоғам қызметі туралы ақпаратты Қоғамның жарғысына сәйкес жариялау үшін пайдаланылатын бұқаралық ақпарат құралдарының атаулары туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы, 19-үй, С0425-бөлме, активтерді басқару және инвестициялық талдау департаменті.

Қоғам өз қызметі туралы ақпаратты [www.kaztransoil.kz](http://www.kaztransoil.kz) корпоративтік веб-сайтында жариялайды.».

Бас директор  
(Басқарма төрағасы)



*K. Kab*

Қ. Қабылдин

Бас бухгалтер


*A. Ahmedina*

А. Ахмедина



Согласовано:


Юридический департамент		Исаков Ж.А.
Центральная бухгалтерия		Ахмедина А.С.
Департамент транспортировки		Мендыбаев Е.
Департамент эксплуатации		Арынов С.А.
Департамент по подготовке отчетности МСФО		Сармагамбетова М.К.
Департамент управления рисками и ИСМ		Исмагулова Э.М.
Департамент контрактов и материально-технического снабжения		
Департамент управления человеческими ресурсами		
Департамент стратегического планирования и корпоративного развития		Ю
Департамент тарифного регулирования		Ер
Департамент охраны труда и производственного контроля		Аб
Казначейство		Мон
Канцелярия		А
Департамент управления активами и инвестиционного анализа		Кр



Генеральный директор  
 Председатель Дирекции  
 К. Кабылдин  
 Главный бухгалтер  
 А. Ахмедина

Пронумеровано и пронумеровано  
 лист (ов)

«Қазқостан Республикасы Ұлттық Банкінің  
 Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
 бақылау мен қадағалау комитеті»  
 2019 жыл  
 26 наурыз  
 ІТ-КЕДІ



**Акциялар шығару анықтамалығын  
Қазақстан Республикасының Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын  
реттеу мен қадағалау агенттігі  
2004 жылғы 13 қыркүйекте тіркеген**

**«ҚазТрансОйл» АҚ акциялар шығару анықтамалығына  
№10 өзгеріс**

Акциялар шығару анықтамалығының 1-бөлімінің 10-2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«10-2. Акцияларды қоғам сатып алған кезде акциялар құнын анықтау әдістемесін акционерлердің жалпы жиналысы немесе құрылтай жиналысы бекіткен күн:

Бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында оларды Қоғам сатып алған кезде акциялар құнын анықтау әдістемесі Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілді («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы отырысының 2012 жылғы 3 шілдедегі №75 хаттамасы) және Қоғамның акциялар шығару анықтамалығының ажырамас бөлігі болып табылады.».

**Бас директор  
(Басқарма төрағасы)  
міндетін атқарушы**

**Бас бухгалтер**



**С. Өтеғалиев**

**А. Ахмедина**

**"ҚазТрансОйл" АҚ Жалғыз  
акционерінің  
шешімімен бекітілген  
("ҚазМұнайГаз" ҰК АҚ Басқармасы  
отырысының 2012 жылғы 3 шілдедегі  
№ 75 хаттамасы)**

**"ҚазТрансОйл" АҚ -ның акцияларды ұйымдастырылмаған бағалы  
қағаздар нарығында сатып алуы кезінде олардың құнын айқындау  
әдістемесі**

**1. Жалпы ережелер**

2. Осы әдістеме "ҚазТрансОйл" АҚ-ның (бұдан әрі – "Қоғам") акцияларды ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында сатып алуы кезінде олардың құнын айқындайды және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Қоғам Жарғысына сәйкес әзірленген.

3. Осы әдістеме Қоғамның оның орналастырылған акцияларын:

- акционердің келісімімен қоғамның бастамасы бойынша;
- Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайларда, акционердің талап етуі бойынша;
- сот шешімі бойынша сатып алуы жағдайларына қолданылады.

4. Осы әдістемеді келесі ұғымдар қолданылады:

**Заң** - "Акционерлік қоғамдар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

**акционер** – акцияның меншік иесі болып табылатын тұлға;

**акция** – Қоғам шығаратын және Қоғамды басқаруға қатысу, ол бойынша дивиденд және Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алу құқығын, сондай-ақ Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз;

**кор биржасы** – акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанында құрылған, осы сауда-саттықты ұйымдастырушының сауда жүйелерін пайдалана отырып, оларды тікелей жүргізу арқылы сауда-саттықты ұйымдық және техникалық жағынан қамтамасыз етуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

**делистинг** – бағалы қағаздарды сауда-саттық ұйымдастырушының тізімінен уақытша немесе тұрақты шығарып тастау;

**ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногы** – эмиссиялық бағалы қағаздар мен өзге де қаржы құралдарының айналым саласы, олармен жасалатын мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады;

**ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногы** – бағалы қағаздардың айналым саласы, онда бағалы қағаздармен жасалатын мәмілелер сауда-

саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптар сақталмай жүзеге асырылады.

4. Орналастырылған акцияларды Қоғамның сатып алуы оларды кейіннен сату, акционерлер құрықтарын сақтау (Қоғамда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес акционерлерге тиісті Қоғам акцияларын сатып алуы міндеті туындағанда) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда жүзеге асырылады.

## **2. Орналастырылған акцияларды Қоғамның бастамасы бойынша сатып алу**

5. Орналастырылған акцияларды Қоғамның бастамасы бойынша сатып алу, Қоғам акцияларын қор биржасында ашық сауда-саттық әдісімен сатып алуы жағдайларын қоспағанда, осы әдістемеге сәйкес жүргізіледі.

6. Орналастырылған акцияларды оларды кейіннен сату мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қоғамның Жарғысына қайшы келмейтін өзге де мақсаттарда сатып алу Қоғамның бастамасы бойынша акционердің келісімімен жүргізілуі мүмкін.

7. Орналастырылған акцияларды Қоғамның бастамасы бойынша Қоғамның сатып алуы Қоғам Директорлар кеңесінің шешімі негізінде жүргізіледі.

Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуы туралы Қоғам Директорлар кеңесінің шешімінде ол сатып алатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, мерзімі және оларды сатып алу талаптары туралы мәліметтер болуға тиіс.

Қоғамның:

- 1) Акционерлердің бірінші жалпы жиналысын өткізгенге дейін;
- 2) акцияларды құрылтайшылар арасында орналастыру қорытындылары туралы бірінші есеп бекітілгенге дейін;
- 3) егер акцияларды сатып алу нәтижесінде Қоғамның өз капиталының мөлшері Заңда белгіленген ең төменгі жарғылық капитал мөлшерінен аз болса;
- 4) егер акцияларды сатып алу кезінде Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі не дәрменсіздігі белгілеріне сәйкес келсе немесе аталған белгілер Қоғамда оның барлық талап етілетін немесе сатып алу болжанатын акцияларды сатып алу нәтижесінде пайда болса;
- 5) егер сот немесе Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы оны тарату туралы шешім қабылдаса, өзінің орналастырылған акцияларын сатып алуға құқығы жоқ.

8. Егер Қоғамның бастамасы бойынша сатып алынатын оның орналастырылған акцияларының саны олардың жалпы санынан бір процент асатын болса, акцияларды сатып алу-сату мәмілесі (мәмілелері) жасалғанға дейінгі ол өз акционерлеріне осындай сатып алу туралы хабарлауға міндетті.

Қоғамның өзі орналастырған акцияларын сатып алуы туралы хабарламасында өзі сатып алатын акциялардың түрлері, саны, бағасы, мерзімі туралы және оларды сатып алу талаптары туралы мәліметтер болуға тиіс және ол бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануға тиіс.

9. Қоғамның өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны Қоғам сатып алуға жариялаған акциялардың санынан асып түскен жағдайда бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады.

Барабар коэффициенті келесі формуламен есептеледі:

$$K = A/C, \text{ мұндағы}$$

K – барабар коэффициенті;

A – Қоғамның (Заңмен белгіленген шектеулерді негізге ала отырып) сатып алуы мүмкін акцияларының жалпы саны;

C – сатып алуға өтініш берген Қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы саны.

Қоғамның акционерден сатып алатын акцияларының саны акционердің сатып алуға өтініш берген акцияларын барабар коэффициентіне көбейту жолымен есептеп шығарылады.

10. Қор биржасындағы айналымнан тыс акциялар Қоғамның бастамасы бойынша акционердің келісімімен, Қоғам Директорлар кеңесінің акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдауына дейінгі күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес мерзімге тәуелсіз бағалаушы анықтаған бағамен сатып алынуы мүмкін.

Бұл орайда акцияның тәуелсіз бағалаушының есебі негізінде бағаның нарықтық бағадан ең көп ауытқуы 20%-дан аспауы тиіс.

### **3. Қоғамның орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алуы**

11. Қоғамның орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алуы осы әдістемеге сәйкес жүргізіледі.

12. Қоғам орналастырылған акцияларды сатып алуды:

1) Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдаған (егер акционер Қоғамды қайта ұйымдастыру туралы мәселе қаралған Акционерлердің жалпы жиналысына қатысып, оған қарсы дауыс берсе);

2) Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған (егер акционер Акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе егер ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімді қабылдауға қарсы дауыс берсе);

3) сауда-саттықты ұйымдастырушы Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында және (немесе) Қоғамның Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданған ірі мәміле жасау туралы

шешіммен және (немесе) жасалуында Қоғамның мүддесі бар мәміле жасау туралы шешіммен келіспеген;

5) Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның Жарғысына осы акционерге тиесілі акциялар бойынша құқықтарды шектейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шешім қабылдаған (егер акционер осындай шешім қабылдаған акционерлердің жалпы жиналысына қатыспаса немесе ол осы жиналысқа қатысып, аталған шешімнің қабылдануына қарсы дауыс берсе) жағдайларда Қоғам акционерінің талап етуі бойынша жүргізуге тиіс.

13. Акционер осы тараудың 12-тармағында көрсетілген шешім қабылдаған күннен бастап немесе сауда-саттықты ұйымдастырушы Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдаған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде Қоғамға жазбаша өтініш жіберу арқылы өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы Қоғамға талап қоюға құқылы.

Аталған өтініш алынған күннен бастап 30 (отыз) күн ішінде Қоғам акционерден акцияларды сатып алуға міндетті.

14. Қоғамның өз акционерлері сатып алуға өтініш берген орналастырылған акцияларының саны Қоғам сатып алуы мүмкін акциялардың санынан артық болған жағдайда, бұл акциялар акционерлерден оларға тиесілі акциялардың санына барабар сатып алынады.

Барабар коэффициенті келесі формуламен белгіленеді:

$$K = A/C, \text{ мұндағы}$$

$K$  – барабар коэффициенті;

$A$  – Қоғамның (Заңмен белгіленген шектеулерді негізге ала отырып) сатып алуы мүмкін акцияларының жалпы саны;

$C$  – сатып алуға өтініш берген Қоғамның орналастырылған акцияларының жалпы саны.

Қоғамның акционерден сатып алатын акцияларының саны акционердің сатып алуға өтініш берген акцияларын барабар коэффициентіне көбейту жолымен есептеп шығарылады.

15. Қоғамның орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алуы акцияның баланстық құны бойынша жүзеге асырылады. Акцияның баланстық құнын есептеу акционердің Қоғамға өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтініші Қоғам кеңсесінде тіркелген күнге ХҚЕС-ке сәйкес құрастырылған соңғы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде жасалады.

Бір жай акцияның баланстық құны келесі формуламен есептеледі:

$$BV_{CS} = NAV / NO_{CS}, \text{ мұндағы}$$

$BV_{CS}$  – (book value per common share) есеп күніне бір жай акцияның баланстық құны;

$NAV$  – (net asset value) есеп күніне жай акцияларға таза активтер;

$NO_{CS}$  – (number of outstanding common shares) есеп күніне жай акциялар саны.

Жай акцияларға таза активтер келесі формуламен есептеледі:

$$NAV = (TA - IA) - TL - PS, \text{ мұндағы}$$

TA – (total assets) есеп күніне акция эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есебіндегі акция эмитентінің активтері;

IA – (intangible assets) есеп күніне акция эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есебіндегі материалдық емес активтері;

TL – (total liabilities) есеп күніне акция эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есебіндегі міндеттемелері;

PS – (preferred stock) есеп күніне акция эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есебіндегі "жарғылық капитал, артықшылықты акциялар" сальдо есебі.

#### **4. Қоғамның орналастырылған акцияларды сот шешімі бойынша сатып алуы**

16. Қоғамның орналастырылған акцияларды сот шешімі бойынша сатып алуы акцияның баланстық құны бойынша, сот шешімімен басқа күн белгіленбесе, Қоғамның Директорлар кеңесінің осындай сатып алу туралы шешім қабылдаған күні жүзеге асырылады.

Бір жай акцияның баланстық құны келесі формуламен есептеледі:

$$BV_{CS} = NAV / NO_{CS}, \text{ мұндағы}$$

$BV_{CS}$  – (book value per common share) есеп күніне бір жай акцияның баланстық құны;

NAV – (net asset value) есеп күніне жай акцияларға таза активтер;

$NO_{CS}$  – (number of outstanding common shares) есеп күніне жай акциялар саны.

Жай акцияларға таза активтер келесі формуламен есептеледі:

$$NAV = (TA - IA) - TL - PS, \text{ мұндағы}$$

TA – (total assets) есеп күніне акция эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есебіндегі акция эмитентінің активтері;

IA – (intangible assets) есеп күніне акция эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есебіндегі материалдық емес активтері;

TL – (total liabilities) есеп күніне акция эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есебіндегі міндеттемелері;

PS – (preferred stock) есеп күніне акция эмитентінің қаржылық жағдайы туралы есебіндегі "жарғылық капитал, артықшылықты акциялар" сальдо есебі.

#### **5. Қоғамның орналастырылған акцияларды сатып алуы бойынша шектеулер**

17. Қоғам сатып алатын орналастырылған акциялардың саны орналастырылған акциялардың жалпы санының жиырма бес пайызынан аспауға тиіс, ал қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алуға жұмсайтын шығыстары:

1) орналастырылған акцияларды акционердің талап етуі бойынша сатып алған кезде:

Акционерлердің жалпы жиналысында осы әдістеменің 12-тармағының 1), 2) және 5) тармақшалары бойынша шешім қабылдағанда;

- сауда-саттықты ұйымдастырушы Қоғам акцияларының делистингі туралы шешім қабылдағанда;

- жасалуында Қоғамның мүддесі бар ірі мәміле және (немесе) мәміле жасау туралы шешім қабылдағанда;

2) орналастырылған акцияларды Қоғамның бастамасы бойынша сатып алған кезде - Қоғамның орналастырылған акцияларын сатып алу туралы шешім қабылданған күнгі жағдай бойынша оның меншікті капиталы мөлшерінің он процентінен аспауға тиіс.

18. Қоғам сатып алған акциялар оның Акционерлері жалпы жиналысының қворумын анықтаған кезде есепке алынбайды және онда дауыс беруге қатыспайды.

## **6. Қорытынды ережелер**

19. Осы әдістеменен реттелмеген мәселелер, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

20. Осы әдістеме Қоғамның акциялар шығару анықтамалығының ажырамас бөлігі болып табылады.



**«ҚазТрансОйл» АҚ  
Жалғыз акционерінің шешімімен  
(«ҚазМұнайГаз» АҚ  
Басқармасы отырысының  
2012 жылғы 3 шілдедегі  
№75 хаттамасы) бекітілген**

**«ҚазТрансОйл» АҚ таза табысын бөлу тәртібі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы «ҚазТрансОйл» АҚ таза табысын бөлу тәртібі (бұдан әрі - Тәртіп) Қазақстан Республикасы заңнамасы, «ҚазТрансОйл» АҚ жарғысына және өзге ішкі құжаттарына сәйкес әзірленген.

2. Осы Тәртіпте пайдаланылатын ұғымдар:

**Қоғам** - «ҚазТрансОйл» АҚ;

**акционерлер** - Қоғамның жай акцияларының меншік иесі болып табылатын тұлғалар;

**дивидендтер** - акционерлердің өздеріне тиесілі акциялар бойынша Қоғам төлейтін кірістері;

**Акционерлердің жалпы жиналысы** - Қоғамның жоғарғы органы;

**таза табыс** – салық төлемдері кезеңі шығындарын қоса алғанда, кірістер мен шығыстар айырмасы

**бөлінбеген пайда** - акционерлер арасында үлестірілмеген және Қоғам қарамағында қалған өткен жылдардың жинақталған таза табысы.

3. Тәртіптің мақсаты Қоғам мен акционерлер мүдделерінің теңгерімін және Қоғамның таза табысын бөлуде айқындылықты қамтамасыз ету болып табылады.

4. Қоғам саясаты Қазақстан Республикасы заңнамасы, «ҚазТрансОйл» АҚ жарғысына және өзге ішкі құжаттарында қарастырылған акционерлер құқықтарын қатаң сақтау және құрметтеуге негізделеді. Тәртіп акционерлер әл-ауқатын арттыру, Қоғамның инвестициялық тартымдылығын және капиталын ұлғайтуға бағытталған.

**2-тарау. Таза табысты бөлудің негізгі шарттары**

5. Басқарма жыл сайын Акционерлердің жалпы жиналысына, аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңына сәйкес жүргізілген, өткен жылға жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті талқылауы және бекітуі үшін ұсынады. Қаржылық есеп беруден басқа Басқарма Акционерлердің жалпы жиналысына аудиторлық есепті де ұсынады.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының өтетін уақытына отыз күн қалғаннан кешіктірмей Директорлар кеңесі алдын ала бекітуі тиіс.

Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті түпкілікті бекітуді Акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізеді.

Қоғам жыл сайын уәкілетті органмен белгіленген мерзімдерде, немесе Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылған жағдайларда уәкілетті органның келісімімен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген тәртіпте және мерзімдерде Қоғамның жылдық қаржылық есептілігін және шоғырландырылған жылдық қаржылық есептілікті, және аудиторлық есептерді бұқаралық ақпарат құралдарында жыл сайын жариялап отыруға міндетті.

6. Қоғам Басқармасының ұсынысы негізінде Қоғамның Директорлар кеңесі Акционерлердің жалпы жиналысына шоғырландырылған қаржылық есептілік мәліметтері бойынша өткен қаржы жылы және/немесе жарты жылдық және/немесе тоқсанға Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясына келетін дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар жасайды.

Акционерлердің жалпы жиналысына бір жай акцияға келетін дивиденд мөлшері туралы шешім қабылдау үшін ұсынылатын материалдар дивидендтерді төлеуге қажетті жағдайлардың болуы/болмауы туралы барлық қажетті ақпараттарды қамтуы тиіс.

7. Қоғам Директорлар кеңесінің Акционерлердің жалпы жиналысының қарауына берілетін таза табысты бөлу және дивидендтер мөлшері бойынша негіздемелерді дайындауында, таза табысты бөлуге әсер ететін келесі негізгі факторлар ескерілуі тиіс:

- 1) Қоғам алған таза табыстың нақты мөлшері;
- 2) Қоғамның төлемқабілеттілік және қаржы тұрақтылығы көрсеткіштері;
- 3) Қоғамның стратегиялық дамуының мақсаттарын қамтамасыз ету, оның ішінде:
  - тұрақты жыл сайынға кірістерді туындататын қолданыстағы өндірістік активтердің өнімділігін арттыруға бағытталған күрделі салымдарды қаржыландыру;
  - белгіленген тәртіппен келісілген жобаны қаржыландыру құрылымына сәйкес меншікті қаражат талап етілетін бөліктегі инвестициялық жобаларды қаржыландыру;
  - қарыз міндеттемелерін өтеу;
  - белгіленген тәртіппен сәйкес өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салымдарды (акцияларды сатып алуды) қаржыландыру;
- 4) Қоғам Директорлар кеңесінің қарамағындағы өзге де факторлар.

8. Қоғам Директорлар кеңесі, өткен қаржы жылына Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және жылдық дивиденд мөлшері туралы ұсыныстар дайындағанда, дивидендтерді төлеуге бағытталған сома Қоғамның таза табысының 40%-нен кем болмауын ескереді. Дивидендтердің нақты мөлшері, егер ол Қоғам міндеттемелеріне қайшы келмесе, Қоғамның таза табысының 100%-ін құрауы немесе одан асуы мүмкін. Таза табыстан асатын дивиденд сомасы бөлінбеген пайдадан төленеді. Дивидендтерді есептеуде Қоғамның шоғырландырылған немесе жеке таза табысының ең үлкен өлшемі қолданылады.

Сонымен қатар Басқарманың, Қоғамның жалпысалалық динамика мен капиталдық (инвестициялық) шығындар бағдарламасының сәйкес қаржы жылындағы Қоғамның нақты нәтижелерінің негізінде, 40%-тік көрсеткіштен төмен мөлшерде дивидендтерді төлеуге құқығы бар.

Қоғам Директорлар кеңесі, тоқсан және (немесе) жарты жылдың нәтижелері бойынша Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы ұсыныстар дайындағанда, дивидендтерді төлеуге бағытталған сома сәйкес қаржылық кезеңдегі Қоғамның таза табысының 10%-нен кем болмауын ескереді.

Тоқсан немесе жарты жылдық нәтижелері бойынша дивидендтерді төлеу жағдайында, сәйкес қаржылық кезеңдегі дивидендтерді төлегенде нақты аралық төлемдер сомасы ескеріледі.

9. Дивидендтерге үлестірілмеген таза табыс оны белгіленген тәртіпте Қоғам мақсаттары мен тапсырмаларына сәйкес қолдану үшін Қоғам қарамағында болады.

10. Бір жай акцияға келетін дивиденд мөлшері жай акциялар бойынша дивидендтерге бағытталған соманы дивиденд алуға құқығы бар акционерлер тізімін жасау күніндегі Қоғамның орналастырылған және айналымдағы жай акцияларының санына бөлу арқылы анықталады.

### **3-тарау. Дивидендтерді төлеуге шектеулер**

11. Қоғам жай акциялары бойынша:

1) меншікті капиталының теріс мөлшері болған жағдайда немесе егер Қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) егер Қоғам Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңдарына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сәйкес келсе не аталған белгілер Қоғамда оның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде пайда болса дивидендтер төленуі мүмкін емес.

12. Орналастырылмаған немесе Қоғам өзі сатып алған жай акцияларына, сондай-ақ, егер сот шешімімен немесе Қоғамның акционерлерінің жалпы жиналысы Қоғамды тарату туралы шешім қабылдаса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

### **4-тарау. Қорытынды ережелер**


13. Тәртіппен реттелмеген мәселелер, Қоғам жарғысы және Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

14. Тәртіп Қоғамның акциялар шығару анықтамалығының ажырамас бөлігі болып табылады.

Прошнуровано и пронумеровано  
19 (девятнадцать) листа (ов)

И.О. Генерального директора  
(председателя Правления)

С. Утегалиев



Генеральный директор

А. Ахмедияев

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Баннің  
Қаржы нарығын және қаржы қиымдарын  
бақылау мен қағалау комитеті»

*[Signature]* ТІГ КЕДІ

20 12 ж. « 31 шілде »

Акциялар шығару анықтамалығын  
Қазақстан Республикасының Қаржы  
нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу  
мен қадағалау агенттігі  
2004 жылғы 13 қыркүйекте тіркеген

**«ҚазТрансОйл» АҚ акциялар шығару анықтамалығына  
№11 өзгеріс**

Акциялар шығару анықтамалығы 1-бөлімінің 10-1 тармағы мынадай  
редакцияда жазылсын:

«10-1. Қоғаммен топтық басқару кодексін қабылдаған күні:

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың топтық басқару кодексі жаңа редакцияда Қоғамның

Жалғыз акционерінің шешімімен бекітілген (2012 жылғы 2 тамыздағы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы отырысының №92 хаттамасы).».

Бас директор  
(Басқарма төрағасы)  
міндетін атқарушы



С. Өтеғалиев

Бас бухгалтер


А. Ахмедина

Пролічуровано и пронумеровано  
ліста (ов)

Генерального директора

(президентский Правления)

С. Утегалиев



бухгалтер  
А. Ахмедина

«Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің  
Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын  
бақылау мен қадағалау комитеті»

**ТІРКЕДІ**

2012 ж. « 27 тамыз »